

ДАМУ/3

«Цифрлық Қазақстан»



ЗЕРДЕ/4

Есімде, бәрі есімде...



МЕРЕЙ/5

Туған жердің ыстық құшағы



ОЙТҮРТКІ/8

«Кіндік шеше» деген кім?


# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

25 мамыр /СЕНБІ / 2019 жыл

№75-76 (19753-19754)


**Шағын және орта бизнес саласында 93 мыңнан астам облыс тұрғыны жұмыс істейді. Бұл экономикалық белсенді жұмыспен қамтылған халықтың үштен бір бөлігін құрайды.**

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

## Іскер әйел – кәсіпкерлер форумы

Кеше өткен форумға өңірлік қаржы ұйымдарының және мемлекеттік органдардың басшылары мен кәсіпкер әйелдер қатысты. Іс-шара аясында іскер әйелдер өз өнімдерінің көрмесін ұйымдастырды.

Форум аймақта екінші рет өткізіліп отыр.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев бүгінгі таңда республика бойынша кәсіпкер әйелдердің үлесі 50% - тен асатынын, сонымен қатар шағын және орта бизнес кәсіпорындарының 60% - тен астамын әйелдер басқаратынын атап өтті.

– Бұған, әрине, мемлекеттің кәсіпкерлікті дамытудағы жан-жақты қолдаулары, яғни мемлекеттік, үкіметтік және өңірлік бағдарламалардың, сондай-ақ қаржы институттары мен «Даму» қорының түрлі бағдарламалары өз септігін тигізуде. Оның ішінде, 5 млрд теңге мемлекеттік бағдарламалар аясында қаржылай емес қолдауға, қайтарымсыз гранттар беруге және шағын несиелермен қамтамасыз етуге бағытталуда. Айта кету қажет, біз жыл басынан бері «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының қаражатын күтпей-ақ, «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы арқылы микрокредиттер беру үшін облыстық бюджеттен 500 млн теңге бөлдік. Қазірдің өзінде орталықпен жалпы құны 522 млн теңгені құрайтын 106 жоба қаржыландыру үшін мақұлданды. Оның ішінде, әйелдердің үлесіне жалпы құны 112 млн теңгені құрайтын 26 жоба тиесілі,- деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі биылғы жылы ауыл жастары мен көп балалы аналардың бизнес-жобаларына басымдық берілгенін атап өтті.

«Жобаларды қаржыландыру бойынша қолдау ғана емес, әкімшілік кедергілерді азайту бойынша жұмыстар да жалғасуда. Нәтижесінде кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандардың үлесі 22-ден 26% - ке дейін артты. Ал шағын және орта бизнес саласында 93 мыңнан астам облыс тұрғыны жұмыс істейді», – деді өңір басшысы.

Форумда кәсіпкер әйелдер өз жетістіктерімен бөлісті. Мәселен, өңірде сұлулық индустриясын дамытуға үлес қосып жүрген Динара Алмусаева төрт жылдан бері осы кәсіппен айналысады. Осы уақыт ішінде ізденуден, еңбек етуден талмаған ол аймақта сұлулық салонының екі филиалын ашып, 25 адамды жұмыспен қамтып отыр. Мұнан бөлек, 600 шәкірт тәрбиелеген.

Ал, «Мансап» жеке мектебін ашқан Наталья Мишукованың тәлім ұясы бастауыш сыныптарға және мектепке дейінгі білім беруге арналған. «Кәсіпкер болу оңай емес. Әсіресе, ұрпақ тәрбиелеу ісі болғандықтан үлкен жауапкершілік екенін сезінемін» дейді ол.

2-бет.



## Ұлттық байқау ұлағаты



**Кеше А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде облыстық «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының жеңімпаздары марапатталды. Салтанатты шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.**

Назерке САНИЯЗОВА.

Өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған байқау биыл алтыншы мәрте ұйымдастырылды. Ал 2013 жылдан бері елімізде Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың Жарлығымен қыркүйек айының екінші жексенбісі «Отбасы күні» ретінде аталып өтіп келеді.

Аймақ басшысы осы орайда мемлекет тарапынан отбасыларға ерекше қамқорлық пен жүйелі көмек жасалып отырғанын жеткізді. Оның ішінде ана мен баланы қорғауға арналған қаржы, көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар өлшемі жыл сайын өсе түсуде.

– Нәтижесі де жоқ емес. 2019 жылдың есепті мерзімі бойынша шаңырақ көтерген отбасылар саны 1700-ді құрады. Бұл көрсеткіш 2014 жылмен салыстырғанда 15 процентке жоғары. Аймақтағы 35 мыңнан астам көпбалалы ананың 17 мыңнан астамы – батыр аналар. Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен алтын құрсақты аналардың 8 мыңдайы – «Алтын алқа», 9 мыңы – «Күміс алқа» иегері, – деген облыс әкімі мерейлі шараға қатысуға ниет білдірушілер саны жылдан-жылға артып келе жатқанын атап өтті.

Бес жылда байқауға қатысуға 1500-ден астам отбасы өтініш берген. Биыл 372 отбасы қатысып, бақ сынады. Бұл алғашқы жылмен салыстырғанда 40 процентке көп. Белсенділік жөнінен шиелiлiктер озып тұр. Олар үш жыл қатарынан жеңімпаз тұғырынан көрінді. Былтырғы додада осы ауданнан сайысқа түскен Ишанқұловтар отбасы озық шыққан еді.

Осы үрдіс биыл да жалғасын тапты. Шиелілік Қиянбековтер отбасы бас жүлдеге лайық деп танылды. Ал үш орынды шиелілік Байденовтер, жаңақорғандық Қарынбаевтар, қармақшылық Арифовтар отбасы өзара бөлісті. Сонымен қатар, «Өнегелі отбасы» номинациясы шиелілік Әбдіжаппаровтарға, «Зиялы отбасы» номинациясы Қызылорда қаласынан Жаназаровтарға, «Рухты отбасы» номинациясы Арал ауданынан Төрехановтарға, «Ұлағатты отбасы» номинациясы Сырдария ауданынан Ескараевтар әулетіне, «Ынтымақты отбасы» номинациясы Жаңақорған ауданынан Сабырхановтарға және «Парасатты отбасы» сыйы Жалағаш ауданынан Сәменовтерге табыс етілді.

Былтырғы байқау жеңімпаздары – Ишанқұловтар отбасы байқаудың республикалық кезеңінің дипломанты атанған болатын. Шарада Шиелі аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысына облыс әкімінің Алғыс хаты берілді.

Жүлдегерлер мен номинация иегерлеріне арнайы сый-сияпаттар табыс етілсе, жеңімпаз отбасы отандық шипажайға жолдама алды.

Арнайы концерттік бағдарлама дәстүрлі шараның маңызын байытып, мәнін аша түсті.




**Біз жүгінетін мынадай дерек бар. Биылғы оқу жылында облыс бойынша 293 мектепте 153 502 оқушы білім алды. Қазіргі таңда оқу жылын аяқтауға байланысты қажетті шаралар қолға алынған.**

Ғазиза ӘБІЛДА.

«Соңғы қоңырау» салтанаты барлық мектептерде бүгін, яғни, 25 мамыр күні өткізілсе, «Аттестат тапсыру» кештері 12 маусымға белгіленіп отыр. Білім және ғылым министрлігі бекіткен Тұжырымдамаға сәйкес биылғы жылғы мектеп бітіру іс-шарасы «Болашақ – жастардықі» тақырыбын арқау етеді.

Айта кетейік, 2019 жылдан бастап жоғары білім алуға қолжетімділікті арттыру мақсатында ҰБТ жылына 4 рет ұйымдастырылады. Яғни, қаңтар, наурыз, тамызда өткізілетін ҰБТ ақылы негізде түсушілерге арналған. Ал, білім грантын алу үшін үміткерлер маусым айында бақтарын сынайды.

2018-2019 оқу жылында облыстағы 261 мектептен 5754 оқушы 11 сыныпты аяқтайды. Оның 4143-і, яғни 72% маусым айында өткізілетін ҰБТ-ға қатысуға өтініш берген. Жалпы бітірушілердің 412-сі «Алтын белгіге», 270-і «Үздік аттестатқа» үміткер. 29 колледжден 5398 студент күндізгі оқу бөлімін аяқтайды. Оның 835-і (15%) ҰБТ-ға қатысады.

Жылдағыдай бітіруші түлектер жыл бойы жұмыс жасайтын лагерьлерде қосымша дайындық курстарынан өтті. Бұл орайда жергілікті бюджеттен 119,3 млн теңге бөлінген. Сол сияқты жалпы орта мектептерде ҰБТ-ға дайындық шаралары үздіксіз жүргізілді. Мәселен, наурыз айында өткізілген сынама тестілеу қорытындысы бойынша орташа балл 89 болса, сәуірде 92 -ні құрап отыр.

2018 жылғы ҰБТ қорытындысымен облыста орташа балл – 85,8-ді құрап, өткен жылмен салыстырғанда 3,4 балға көтерілді. Соңғы екі жыл қатарынан бітірушілердің 97 % университеттер мен колледждерге түсуін үлкен жетістік деп бағалауымыз керек.

Аймақ басшысының қолдауымен бүгінгі күні Ресейдің жетекші техникалық жоғары оқу орындарында 436 түлек білім алуда. Сондай-ақ, биылғы жылы 628 оқушы аталған университеттерге түсуге емтихан тапсырған.

Сәтін салса, биылғы бітірушілердің 4662-сі университеттерге (81%), 1000-ы колледждерге (17%) оқуға түседі деген болжам бар.

Маусым айында өткізілетін ҰБТ-ны ұйымдастыруға (тасымал, тамақтану, жатын орын) жергілікті бюджеттен 17,5 млн теңге бөлінген. Бұл бағытта аудандарда тиісті жұмыстар атқарылуда.

## Ендігі міндет – елге қызмет

**Адам өміріндегі ең негізгі мақсаттардың қатарында білім алу бірінші тұр. Ол мақсатқа әркім әрқалай жетеді. Аға буынның әңгімесіне ден қойсақ, оларда білім алуға құштарлық ерекше болғанмен, ірі қалаларға баруға мүмкіндік жоқ еді. Тәуелсіздік алып, «темір перде» түрілген соң ғана шетелде оқуға талпынғандар мұратына жетті. Ал біздің өңірдің түлектеріне 2014 жылдан бастап облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың бастамасымен Мәскеу мен Санкт-Петербургтың техникалық жоғары оқу орындарының есігі ашылды. Осы кезге дейін аймақтың 510 мектеп бітірушісі Ресей Үкіметі бюджеті есебінен Мәскеу мен Санкт-Петербургтегі маңдайалды инженерлік жоғары оқу орындарында білім алуға жолданды.**

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.



Былтыр алғашқы 74 жас маман дипломдарын алып, елге оралды, қызметтерін бастады. Металлург, технолог, химик, энергетик, жер қатынастары сияқты қажетті мамандықтарды игерген инженер-мамандар өңірдің өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосуда. Қызметтеріне кірiскен жас мамандар қазірдің өзінде айтулы жетістіктерге жеткен.

Қазір Ресей университеттерінде 410 студент оқиды. Биыл олардың 117-сі 22 мамандық бойынша оқуларын тәмамдайды. Олардың 24-і оқуын магистратурада жалғастыруға нақты шешім қабылдаған. Тағы 25 жас маман әрі қарай білім алуға талпынып көрмек. Әзірге 67 түлек елге келіп, еңбек етеді деген жоспар бар. Алдағы уақытта Мәскеу ұлттық технологиялық-зерттеу университетінен – 52, К.Тимирязев атындағы Ресей мемлекеттік аграрлық университетінен – 43, Санкт-Петербург технология және энергетика жоғары мектебінен 23 түлек диплом алады.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен бітіруші жастарды жұмыспен қамту жөнінде мәжіліс өтіп, облыс әкімінің орынбасарларына, мекемелер мен кәсіпорындар басшыларына тиісті шаралар қабылдау туралы тапсырма жүктелді.

Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қуаныш Жанұзақовтың айтуынша, биылғы бітірушілер энергетик, нанотехнолог, материалтанушы, металлург, агроинженер тәрізді мамандықтарды игерген.

– Агроөнеркәсіптік кешенде жалпы құны 10 млрд теңгені құрайтын 76 жоба іске асырыла бастайды. Аталған жобалардың құрылыстарын салу мен оларды пайдалануға бергенде жас мамандарға да қажеттілік туындайды. Биылғы бітіруші түлектер ішінде К.Тимирязев атындағы Ресей мемлекеттік аграрлық университетінен тәлім алған аграрлық саланың мамандары бар. Олар индустриялық-аграрлық аймаққа айналу жөніндегі жоспарымызды жүзеге асыруға үлестерін қосуы керек, – деді аймақ басшысы.

Алдағы уақытта аймақтың агросаласы жылдық қуаты 5 мың тонналық ет комбинатымен, жылына 1,5 мың тонна құс етін өндіретін фабрикамен, 2,2 гектарды құрайтын заманауи жылыжай кешенімен, 1200 басқа арналған тауарлы сүт фермасымен, күріш өңдеу зауыттарымен, асылтұқымды репродуктор шаруашылықтарымен, интенсивті бақтармен толығады. Заманауи әрі терең білім алған жастар осы жобаларды іске асыруда алдыңғы қатарда жүруі тиіс.

Жоғарыда атап өткеніміздей, бітірушілердің басым бөлігі металлургия, технология, технологиялық процестерді автоматтандыру мамандықтарын алады. Индустриялық-инновациялық дамудың екінші бесжылдығында өңірде іске қосылуы жоспарланған 4 жоба бойынша 431 адамды жұмыспен қамту жоспарланған. Жас мамандар осы жобалар аясында, басқа да ірі кәсіпорындар мен мекемелерде жұмыспен қамтылуы тиіс.

Аймақ басшысы тиісті басшыларға түлектермен тығыз байланыста болып, жұмыс орны ұсынылған мекемелерге жолдануын, жыл соңына дейін олардың барлығының жұмыспен қамтылуын бақылауға алуды тапсырды. Сондай-ақ жастарды өңірдегі бос жұмыс орындарына жіберу, республиканың басқа да өндірістік аймақтарындағы бос жұмыс орындарына талдау жасау керек.

– Бұл мамандар тек Сыр өңірінде ғана емес еліміздің басқа да өңірлерінде жұмыс жасап, мемлекетіміздің дамуына үлес қоса алады. Барлық жас мамандарды карауларыңызға алып, демеп, қолдау көрсетіңіздер, – деді облыс әкімі.

Алдағы уақытта түлектерді жұмыспен қамтудың есебі әр салалық құрылым басшысынан жеке-жеке сұралады.





**2019 жылдың екінші жартыжылдығына “Сыр медиа” ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.**

“Сыр бойы” газетіне жазылу бағасы:
**жекелер үшін:**
**6 айға – 3000 теңге.**
**Мекемелер үшін:**
**6 айға – 4000 теңге.**

Ел және жаһан жаңалықтарын, жедел әрі нақты ақпаратты газет сайтынан да таба аласыз.



*Серіктестікке қарасты газеттерге барлық аудандық редакцияларда және «Сыр медиа» ЖШС-ның баспасөз бөлімінде (С.Бейбарыс көшесі, 4 «А» мекен-жайында) жазылуға болады. Ұжымдық және аталған мекен-жайға келуге мүмкіндігі жоқ оқырмандарға бөлім қызметкерлері барып қызмет көрсететінін еске саламыз.*

# Іскер әйел – кәсіпкерлер форумы

Қызмет көрсету саласында әсіресе тағам дайындаудың жауапкершілігі зор. Бұл тазалық пен мінсіздікті, шеберлікті қажет етеді. Үш жыл бұрын өзінің шағын кулинариясын ашқан Айгүл Борамбаева өңірдегі «Рестораторлар мен кондитерлер қауымдастығының» төрайымы. Қонақжай халықтың дастарханын қалай дайындау қажеттігін жетік меңгерген. Ол, сондай-ақ, маман дайындауда шеберлік сағаттарын жиі ұйымдастырып келеді.

Форумда кәсіпкерлікті дамытуға қатысты ұсыныс-пікірлер тыңдалып, бірқатар белсенді кәсіпкер әйелдерге облыс әкімінің алғыс хаты табысталды.

Атап өту қажет, 2017 жылы аймақ басшысының бастамасымен «бір өтінім» қағидаты бойынша 70-тен астам қызмет түрін көрсететін «Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы» құрылды.

2018-2020 жылдар аймақта жаппай кәсіпкерлікті дамытудың үш жылдығы ретінде жарияланды. Бұл бірден үш маңызды мәселені шешуге мүмкіндік береді: салық базасын ұлғайту, жаңа жұмыс орындарын құру және өңірдегі қоғамдық-саяси жағдайды жақсарту.

2018 жылдың қорытындысы бойынша Қызылорда облысы бизнесті жүргізу үшін қолайлы жағдай жасаған үздік облыс деп танылып, Тұңғыш Президент-Елбасы Н.Ә.Назарбаев облыс әкіміне «Алтын сапа» сыйлығын табыстаған болатын.

1-бет.



# Ел сенімін ақтаған ер



**Өмірде өз мамандығына аса сүйіспеншілікпен қарап, өмірінің бір бөлшегіне айналдырып, шыңына жеткен адамдарды өз ісінің хас маманы дейміз. Ондай азаматтарға халық та құрметпен қарап, бағалайды, мақтаныш етеді.**

Сондай азаматтың бірі әрі бірегейі еліміздің Су шаруашылығы саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткері, нағыз кәсіби маман, абзал азамат Нариман Қыпшақбаев десек, артық айтқанымыз емес.

Арқа жерінде, қасиетті Торғай алқабында табиғаттың өзі жасаған, суы бал татитын, мал-жанға жайлы «Сарықопа» атты мемлекеттік қорық бар екен. Қазір Қостанай облысының Жангелді ауданына қарайды. Сол Сарықопаға құятын Теке өзенінің төменгі ағысында Тармақ деген жерде Қыпшақбай суатында 1934 жылы 27 мамырда Нариман Қыпшақбайұлы дүниеге келіпті.

Су жағасында өскен, судың қадір-қасиетін бір кісідей түсінетін Нариман аға алғашқы еңбек жолын учаскелік инженер-гидротехниктен бастап, осы саладағы барлық лауазымдардан өтті деуге болады.

Жұмысқа деген жауапкершілігі мен адалдығы, еңбекқорлығы мен іскерлігінің арқасында Нариман Қыпшақбаев 1981 жылы Қазақ ССР Жоғары Кеңесі Президиумының Жарлығымен Қазақ ССР-ның Мелиорация және су шаруашылығы министрі болып тағайындалды. Сол жылы 23 қыркүйекте Арал қаласында сорғылау және бұрғылау құрал-жабдықтарын жөндеуге арналған зауыт құрылысын салу мәселесін көтереді.

Нариман аға осылайша одақтық, республикалық деңгейде өткен жиындарда Сырдария өзені мен Арал теңізінің проблемаларына басты назар аудартып отырды.

1985-1990 жылдар аралығында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып жүргенде «Арал теңізі жағалауында тұратын халықтардың жағдайын және экологиясын жақсарту» туралы мәселе көтеріп, оның оң шешім табу жолдарын ұсынды.

1990 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасы Су ресурстары мемлекеттік комитетінің Төрағасы лауазымына тағайындалып, 5 жыл осы салаға жетекшілік етеді. Осы кезеңде тұңғыш рет Орталық Азия және Қазақстанда су ресурстарын бассейндік жүйемен басқару принципі енгізіліп, республикада Арал-Сырдария, Балқаш-Алакөл, Ертіс, Есіл, Нұра-Сарысу, Тобыл-Торғай, Шу-Талас және Орал-Каспий бассейндік басқармалары, облыстарда Су ресурстары комитеттері құрылды.

Қазақстанның тәуелсіздігі жылдарында Орталық Азия, Ресей Федерациясы мен Қытай мемлекеттері арасында трансшекаралық өзендердегі су ресурстарын пайдалану жөнінде халықаралық ұйымның, соның ішінде Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан мемлекеттерінің Президенттерімен құрылған Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылуына және Елбасының тікелей тапсырмасымен жүзеге асып, ғасыр жобасы атанған «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» (САРАТС-1) жобасының бірінші фазасының жүзеге асуына Нариман Қыпшақбайұлының да ерекше үлес қосқандығын Арал өңірінің тұрғындары жақсы біледі.

Қарапайым еңбектен бастап, түрлі лауазымдық қызмет атқарған 60 жылға жуық уақыттың барлығында Нариман Қыпшақбайұлы еліміздің өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосты. Зейнетке шыққаннан кейін де қарап отырмастан жиған-терген бай тәжірибесін ізінен ерген жастарға үйретіп келеді. Соның ішінде, «Арал-Сырдария» бассейнінің өзекті мәселелерін шешу жұмыстарына да атсалысуда. Атап айтсақ, Сырдария өзені бассейнінде су және жер ресурстарын кешенді пайдалануды ұйымдастырудың сызбасын әзірлеу жұмысына араласып, Арал теңізі бассейнінің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу жұмыстарына белсенді ықпалын тигізуде.

Біз қашаннан елдің жүгін қара нардай көтеріп, келешектің қамы үшін аянбай еңбек еткен ерлерімізбен мақтанамыз. Келешекке сеніммен қадам жасау үшін жас ұрпаққа тәлім аларлық өнегелі істерді, парасатты өмір иелерін үлгі етеміз.

Осы ретте, Сыр жұртшылығы Нариман Қыпшақбайұлын қай жерде, қай жұмыста болмасын өзінің өнегелі ізін өзіндік қолтаңбасын қалдырған, туған еліне еселі де елеулі еңбек сіңірген азамат деп бағалайды және құрмет тұтады.

**А.АБДУАЛИЕВ,**
**облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы.**

# Мәдениет – мәңгі мирас, өнер – өлмес ғибрат



**Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет орталығында мерекелік кеш өтті.**

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.

Мерекеге облыс әкімінің орынбасары Р.Рүстемов қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Сыр өңірінің мәдени-рухани дамуына үлес қосып келе жатқан сала қызметкерлерін марапаттады.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен – облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшылары Қарлығаш Жүсіпова мен Жанар Нұржақыпова, облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрының әртісі Күләш Жанмұратова, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының маманы Алтын Бекенова, облыстық филармонияның әртісі Мырзағали Толыбеков марапатталды.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Құрмет грамотасына – Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы басшысының орынбасары Бақытнұр Мырзахметова, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының бөлім меңгерушісі Бағдагүл Есмұрзаева ие болды.

Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлері кәсіподағының «Еңбек даңқы» төсбелгісін – Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының басшысы Нұржамал Мырзамұратова, облыстық тарихи-өлкетану музейінің басшысы Бақыткүл Бекмамбет, облыстық филармония басшысы Талғат Мақашов, сондай-ақ екі марапатқа лайық болған Бағдагүл Есмұрзаева алды.

Сонымен қатар, бірқатар сала мамандары облыс әкімі Қ.Көшербаевтың, облыс әкімінің орынбасары Р.Рүстемовтің, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы М.Әбуованың Алғыс хаттарымен марапатталды. Мұнымен бірге мәдениет басшысы сала ардагеріне ескерткіш сыйлықтар табыстады.

Кеш Н.Бекежанов атындағы драма театры жастар труппасының мерекелік арнауымен басталып, Ә.Тәжібаев атындағы әмбебап ғылыми кітапханасы жастарының қатысуымен флешмоб қойылды. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі К.Қалымбетова, сала ардагерлері Жұмабек Аққұлов, Махмуд Әуезов ретро әндер орындап, кешті «Сыр самалы» вокалды аспапты ансамблінің әуендері көріктендірді.

Марапаттарыңыз құтты болсын, мәдениет майталмандары!

Мәңгі мирасымыз бен өлмейтін ғибратымызды ұрпақ санасына сіңіріп келе жатқан ұлық істеріңізде абыройлы бола бергейсіздер.

**Бүгінде Әдеп кодексі аясында әдепсіз әрекеттің алдын алуға бағытталған бірқатар шара жүзеге асып, оң нәтиже байқалуда. Дегенмен, кемшіліктер жоқ емес. Әдеп жөніндегі кеңестің кезекті отырысында бірқатар олқылықтар сөз етілді.**

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

# Тәртіпке кімдер бағынбады?



Күн тәртібінде төрт мәселе қаралды. Бірінші кезекте мемлекеттік органдардағы моральді-психологиялық климатты анықтау бойынша жүргізілген сауалнама қорытындысы таныстырылды. Оның нәтижесі бойынша келесі жағдай қалыптасқан. Респонденттердің 40 процентке жуығы ұжымдағы моральді-психологиялық климатты қолайсыз деп таныған, ал ендігісі кәсіби сұрақтарымен мемлекеттік органның басшысына жүгіне алмайтындығын алға тартыпты. Сонымен қатар, сауалнама барысында облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің, кірістер департаментінің, Арал ауданы әкімдігінің қызметкерлері басшылық және өзге қызметкерлер тарапынан қызмет жағдайын теріс пайдалану фактілерін байқағанын білдірген. Жалағаш ауданы әкімдігі мен оған қарасты бөлімдердің қызметкерлерінен алынған сауалнама жауаптары формальді түрде, яғни дайын шаблон үлгісінде толтырылғаны да анықталды. Барлық қызметкер 100 процент бірдей сөзбе-сөз жауап берген. Бұл ретте кеңес мүшелері аудан әкімдігі аппараты тарапынан сауалнаманың объективті түрде өтуі қамтамасыз етілмегенін немесе оған жол берілмегенін айтты.

Мұнан кейін Қазалы ауданындағы Әйтеке би кентінің әкімі Жарасхан Мұратбаевтың тәртіптік ісі қаралды. ҚР Жер кодексінің 2-1 бөлігі 2-тармақшасында аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері елді мекен аумағында жеке тұлғаларға қатысты жердің нысаналы мақсатсыз пайдаланылуына жол бермеу үшін мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүргізеді делінген. Алайда, қызметтік тексеру барысында Жарасхан Мұратбаев ол құзыретті аудандық жер қатынастары бөліміне жүктеумен шектеліп, 6 тұлғаға қатысты нақты шара қолданбағаны белгілі болды. Тарқатып айтсақ, кент әкімі жеке тұлғалардың тиесілі жер учаскелерін нысаналы мақсатта пайдаланып отырғандығына зерделеу жұмыстарын ұйымдастырмаған, олардың салық органында дара кәсіпкер ретінде тіркелген немесе тіркелмегендігі туралы мәлімет анықталмаған. Оған қоса М.Ерқатов, С.Нұрмаханов, Б.Оразбаев, У.Үсенбаев, Е.Жайманов және Д.Жамбыловтардың мекен-жайы бойынша орналасқан жер учаскелері нысаналы мақсатта пайдаланылмай отырғандығы Қазалы ауданы әкімдігі ұсынған фотосуреттермен дәлелін тауып отыр. Бұл ретте Жарасхан Мұратбаевтың «ҚР Мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 50-бабы 1-бөлігінің 4-тармақшасында көзделген мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол берілгендігі байқалады. Осы фактілер негізінде кент әкіміне «қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолдану ұсынылды.

Бұдан бөлек, жиында өткен жылы облыста 872 әкімшілік мемлекеттік қызметшінің түрлі тәртіптік жазаға тартылғаны, оның 120-сы Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің қызметкерлеріне қатысты орын алғаны айтылды. Бұл облыстағы барлық тәртіптік жазалардың 14 проценті осы мекемеге тиесілі екенін көрсетеді. Аталған мәселені кеңес мүшелері жан-жақты талқылады, департаменттің тәртіптік комиссия төрағасы Базархан Ақжігітовтің хабарламасын тыңдады. Баяндама соңында департамент басшысы Ғалымжан Орыновқа профилактикалық шараларға баса мән беру ұсынылды. Сондай-ақ, жиында облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Нұрғали Қордабайдың «ескерту» түріндегі тәртіптік жазасы мерзімінен бұрын алынып тасталды. Себебі, басқарма басшысы тәртіптік жаза алғаннан кейін қызметте оң нәтижеге көрсеткен.

Қорытындысында кеңес мүшелері мемлекеттік қызметтің жауапсыздықты көтермейтінін тағы бір қаперге салды. Қызметте адал, әділ болуға шақырды.

БӘРЕКЕЛДІ!

# Бас жүлде және 1 миллион теңге

**Нұр-Сұлтан қаласында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен өткен «Рухани қазына – 2019» мәдениет және өнер саласы шағын ұйымдары мен қызметкерлерінің II республикалық фестивалінде облыстық халық шығармашылығын дамыту орталығы «Үздік облыстық халық шығармашылығы орталығы» аталымы бойынша бас жүлдені және 1 миллион теңгенің сертификатын жеңіп алды.**

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Сондай-ақ, 18 аталым бойынша 200-ден астам мәдениет саласының қызметкерлері қатысқан шарада Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының бөлім меңгерушісі Қалдыгүл Досмағанбетова «Облыстық маңызы бар кітапхананың үздік мемлекеттік қызметкері» номинациясы бойынша жеңімпаз атанып, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Айта кетейік, елімізде екінші мәрте ұйымдастырылып отырған фестиваль Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының «Туған жер» арнайы жобасы аясында өткізілді.

Фестивальдің мақсаты – мәдениет саласы қызметкерлерінің қызметінде тәжірибе алмасуға мүмкіндік беру, соның ішінде кітапхана, музей, мәдени ойын-сауық саласындағы қызметкерлердің кәсіби шеберлігін арттыру, қазақстандық патриотизм мен ұлттық-мәдени бірлікті дамыту аясында ұлттық мәдениетті насихаттау, аймақтық мәдениет ұйымдарының имиджін көтеру, үздік әлеуметтік-мәдени және білім беру тәжірибелерін ортаға салу.

Өнер биігінен көрінген жерлестеріміздің шығармашылығына сәттілік тілейміз.

КӨКТЕМГІ ҚАРЕКЕТ

# Шиелідегі еңбек шырайы

**Жыл сайын ауыл шаруашылығы дақылдарынан мол өнім алып жүрген Шиелі ауданының диқандары биыл да көктемгі егіс қамына жұмыла кірісті. Осы жылы ауданда жалпы көлемі 27372 гектарға егіс егу межеленсе, бұл артығымен орындалды.**

Тарқата баяндар болсақ, басты дақыл – күріш көлемі 11580 гектар. Күздік бидай – 1000, жаздық бидай – 472, мақсары – 1100 гектарға егілді. Одан бөлек 1100 гектар картоп, 1474 гектар алқапқа көкөніс, 2007 гектарға бақша өнімдері дәні себілді.

Жаңа кезең талаптарын орындауда да шиеліліктер белсенділік көрсетіп келеді. Ауыл шаруашылығы дақылдарын егудің оңтайлы мерзімдері «Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институты» ЖШС арқылы жасалып, аталған кесте қатаң жүзеге асырылу үстінде.

– Нәтижесінде күріш дақылын егу сәуір айының 20-нан басталып, мамыр айының 23-і күні толық аяқталды. Сондай-ақ, суға бастыру жұмыстары да атқарылып, науқан сәтті қорытындыланды. Демек, бұл дақылдарды орналастыру агротехникасының өз дәрежесінде сақталып, ертеңгі мол өнімге кепіл қаланды деген сөз, – дейді аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Мұрат Әшірбеков өз сөзінде.

Жаңа технология бұл салаға да жетті. Аудандағы іргелі шаруашылықтың бірі, Дәулет Жұмбеков басқаратын «Ақмая» шаруа қожалығы ғылыми институттармен бірлесе цифрлы технология арқылы жұмыс ұйымдастыруды бастады. Бұл бұрынғы көптеген кедергілерді жойып, агротехнологияны сақтаудың жаңа мүмкіншіліктеріне жол ашады. Мәселен, дақылды үстеп қоректендіру ауа райының тынық кездерінде ғана атқарылуы тиіс нәзік шараның бірі. Міне, осы қолайлы кезең көбінесе түнгі уақыттарға сәйкес келеді. Ал дәрі себетін ұшақ түнгі уақытта әуеге көтеріле алмайды, таңғы шектеулі уақытта ғана қарбаласып қалады. Жаңа технология бойынша алдын ала бағдарламасы бекітіліп қойылған дрон қажетті минералды тыңайтқышты қай кезең болса да нормаға сай сеуіп, оралып отырады. Осы кешенді жұмыстарды шаруашылық мамандары компьютер арқылы бақылып, есепке алады. Бұл міне, жаңа заман жетістігі.

Осы қатардан табылуға аудандағы ірі ауыл шаруашылық құрылымдары «Қаптағай-К», «Бидайкөл», «Байсын» және басқалары ұмтылу үстінде.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Шиелі ауданы.

# "TSIFRLYQ QAZAQSTAN"

"Syr boıy" gazetiniń arnaıy beti



# «DamuMed» дамуға дәнекерлік

**Елбасының «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру аясында денсаулық сақтау саласында да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Әсіресе, ақпараттық жүйелерді біріктіру, мобильдік цифрлық қосымшаларды қолдану электронды денсаулық паспортын енгізу, «қағаз қолданбайтын ауруханаға» көшу арқылы медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру бағытында қарқынды шаралар қолға алынды.**

**Айнұр БАТТАЛОВА.**




Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметіне сүйенсек, бүгінгі күні саланы цифрландыру бағытында 32 медициналық ұйымға ақпараттық жүйелер енгізіліп, қамтылу 100 процентке жеткізілген. Осыған орай медициналық ұйымдар толық компьютерлік техникамен жабдықталды. Ол үшін жергілікті бюджеттен 175,1 млн теңге қаржы қаралып, 843 компьютер сатып алынған.

Онан бөлек, өңірдегі медициналық мекемелер интернет байланыс арналарымен 85,2 процент қамтамасыз етілген, оның ішінде қала және аудан деңгейіндегі ұйымдардың қамтылуы 100 процентті құраған. Кешенді медициналық ақпараттық жүйені қолдану барысында тұрғындардың 95,5 проценті электронды денсаулық паспортымен қамтылса, былтырғы жылдан бастап еңбекке уақытша жарамсыздық парақтары электронды түрде берілуде. Сонымен бірге, «қағазсыз аурухана» жобасы аясында былтыр 94 медициналық құжаттама электронды форматқа көшірілген. Осының негізінде бүгінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті электронды түрде алу қарқынды жүргізілуде. Бұл орайда, әсіресе, «DamuMed» мобильді қосымшасы өз тиімділігін көрсетіп отыр. Былтыр 150 мыңнан астам пациент осы қосымша арқылы электронды түрде дәрігер қабылдауына жазылған. Бұл көрсеткіш 2017 жылмен салыстырғанда 49,7 процентке артық. Сондай-ақ, «Smart City» концепциясы аясында «Электронды кезек және дәрігер қабылдауына жазылу жобасы» жүзеге асырылды. Оған облыстық бюджеттен 162,1 млн теңге қаржы бөлінді. Нәтижесінде бастапқы медициналық санитарлық көмек көрсету ұйымдары мен клиникалық-диагностикалық қызмет көрсететін стационарлық мекемелерде электронды кезектілік жүйесінің инфрақұрылымы, яғни, электронды кезек пен электронды жазбаға арналған терминалдар, экрандар мен шағын компьютерлер құрылып, физикалық навигациялар орнатылды. Жобаның негізгі мақсаты – кезектілікті азайту арқылы медициналық көмек сапасын арттыру және тұрғындар арасындағы арыз-шағымды төмендету.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, мобильді қосымшалар бүгінгі күні барлық емханаларда жұмыс жасауда. Мәселен, 64 мың тұрғынға қызмет көрсететін қаладағы №6 емханада қазіргі кезде дәрігерді үйге шақырту, оның қарауына жазылу, сараптама қорытындыларын зертханаға жолдау және еңбекке жарамсыздық парақшасын беру «DamuMed» мобильді қосымшасы арқылы автоматты түрде атқарылады. Емхана бас дәрігері Жаннат Қожарипова емханаға келушілер арасында бұл қосымшаны пайдаланушылар санының күн сайын артып келе жатқанын айтты.

– Цифрлық технологияның нәтижесінде бұған дейін қағазға жазылатын есептік құжат қажетсіз болып қалды. Емханаға тіркелген тұрғындардың 98 процентінің электронды төлқұжаты жасақталды. Осылайша науқастар өзімен бірге анықтама немесе басқа да қағаздар бумасын арқалап жүрмейтін болды. Тек өз аты-жөнін айтса жеткілікті, олардың қандай сырқатқа шалдыққаны, нендей ем қабылдағаны, сараптама қорытындысы жайлы біліп отыруға болады,– дейді бас дәрігер.

Емханада, сондай-ақ, IT-телефония жұмыс жасайды. Яғни, былтырғы қазан айынан бастап жасақталған тұрғындар қоңырауын қабылдайтын бірыңғай CaII-орталық қызмет көрсету сапасын арттыруға, адамдардың өтініш-тілектерімен жұмыс істеу тиімділігін жақсартуға бағытталған. CaII-орталық барлық тұрғындар үшін қолжетімді.

# «Senim» сенімді күшейтті

**Қазір ақпараттық технологияның адымы кең. Оның пайдасы да шаш етектен. Бұл – байланыс, бұл – ақша айналымы, бұл – бизнес деген тәрізді әрі қарай жалғасып кете береді. Әлемнің әр қиырындағы адамдар осы технологияның арқасында бір-бірін көрместен байланыс жасап, жұмыс жүргізуде. Алысты жақын қылып, жаяуға тездетіп шаруасын бітіруге көмектеседі. Бұрынғыдай банктен ақша аударуға да табаныңыздан тозып әуре болмайсыз. Өйткені, мобильді қосымша, әлеуметтік желілер нарығы қарқынды дамыған. Соның арқасында қоғамдық көлікте жолақы төлеудің өзі жеңілдеді. Әңгіме соңғы жылдары қолданысқа енген – «Senim» мобильді қосымшасы жайлы. Тарқатып көрейік.**

**Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.**

Аталған қосымша жолаушы үшін ыңғайлы етіп жасалған. Тиын санап, кондуктордың артық ақша қайтаруын күтпейсіз. Автобустағы QR кодқа смартфоныңызды жақындатсаңыз немесе көліктің мемлекеттік тіркеу номерін қосымшаға енгізсеңіз болғаны жолақы төленгені туралы хабарлама экранға шығады.

– Елімізде цифрландыру, сандық технологияға көшу бағытындағы бастамалар қай саланы да жандандырды. Автоматтандыру әлі жалғасуда. Жолаушылар игілігі үшін жасалып отырған жұмыс та жемісін беруде. Бұл ретте жолақыны электронды түрде төлеу ашықтықты қамтамасыз етеді әрі кондуктор мен жолаушы арасында жиі туындайтын түсінбестіктің алдын алады деп білеміз. Қазір «Senim» қосымшасы үлкен сыйымдылықтағы автобус жолаушылары үшін ғана қолжетімді. Жеке автобустардың есепшоты бөлек болғандықтан, бірден бұл қосымшаны енгізе алмадық. Алдағы уақытта қаладағы барлық автобустарда аталған мобильді қосымша қолданылатын болады, – дейді «Қызылорда» Автобус паркі» ЖШС директорының орынбасары Қанат Рахметов.




Сонымен қатар, ол тұрғындар бұл жаңашылдықты оң қабылдағанын атап өтті. Ол қаладағы бірнеше бағыт жолаушыларына ұйымдастырылған акцияда байқалса керек. Айтуынша, акция шарты тым қарапайым болған, яғни тұрғындар «Bus.senim.kz/bilet» сайтына билет фотосын жүктеп немесе қосымшаны пайдалану арқылы ұтыс ойынына қатысуға мүмкіндік алған. Белсенділік танытқандардың қарасы қалың болыпты, арнайы сыйлықтарға қол жеткізгендері де бар екен. Бұл «Senim»-нің жолаушылар мен қоғамдық көлік қызметкерлері арасындағы сенімді күшейткенін аңғартқандай.

# Жеке ақпарат қауіпсіздігі мемлекет үшін маңызды

**Кез келген өркениетті қоғам өмірінде ақпараттың маңыздылығы ерекше. Ақпараттық технологиялар автоматтандыру және ақпаратты қорғау жолдары бойынша үнемі жетілдірілуде. Жаңа ақпараттық технология дамыған сайын өнеркәсіптік тыңшылық, компьютерлік қылмыс, құпия немесе құпия ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу сияқты жағымсыз құбылыстар бірге жүруде. Сондықтан кез келген ақпараттық қорғау ең маңызды міндет болып отыр.**

**Шынар БЕКБАН.**



Осы орайда, Назарбаев зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы Нұрбол Бижігіт дербес деректерді криптографиялық қорғауды және шифрлануды қолдана отырып, адамдар арасында хабар алмасу кезінде ақпараттың жайылып кетуін болдырмайтын жаңа әлеуметтік желіні бағдарламалады.

Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің информатика пәнінің мұғалімі Анар Кенесарының мәлімдеуінше, оқушы мектеп табалдырығын аттағалы бері IT сферасындағы жаңалықтар мен технологиялардың даму тенденциясына қызығушылық танытқан.

– Мектепішілік конкурстарда түрлі жобалық шешімдер мен идеяларды ұсынып, жақсы таныстыра білді. Қазіргі таңда Нұрбол информатика пәнін тереңдетіп оқытатын оқу тобында білім алады. Әлемде орын алып жатқан жеке тұлғаға қатысты мағлұматтың рұқсатсыз таратылуы немесе жария болуы мәселесімен тереңдей айналысып, ақпаратты сақтау әдістері, әсіресе шифрлау алгоритмдері тақырыбында ізденіс жүргізді, – деді А.Кенесары.

Осы ізденістің нәтижесі ретінде оқушы желтоқсан айындағы «Hackathon-2018» байқауында криптографиялық алгоритмдерге негізделген әлеуметтік желі жобасын ұсынды.

«Цифрлық Қазақстан-2020» мемлекеттік бағдарлама аясында мемлекеттік органдардың жергілікті халықпен байланысуды жетілдіру бөлімі бойынша электронды абоненттік жәшіктерді пайдалануға көшу, әкімшілік сайттарындағы жеке мағлұматтардың қауіпсіздігі, бүтіндігі мен шынайылығын қамтамасыз ету үшін осы жобада жүзеге асырылған криптографиялық алгоритмдерінің қолданысын қарастыру қажет. Ақпараттық технологияның даму тұсында әрбір азаматтың жеке ақпаратының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекет үшін маңызды, – деді жоба жетекшісі.

Бұл онлайн-қызметтің бағдарламасын оқушы өзі жазып шыққан. Жоба жетекшісінің мәлімдеуінше, платформа тегін хостингте орналастырылып, көрсетілді. Әлеуметтік желі қолдануға өте ыңғайлы. «Ақылды таспаның» алғашқы тіркелушілері жас бағдарламашының сыныптастары болды.

Айта кету керек, әлеуметтік желі AES 256 шифрлық алгоритмін пайдаланады. Бұл алгоритм end-to-end encryption әдісін қолдану арқылы, желі бойынша тасымалданатын және сақталатын мәліметтердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Демек, ақпарат алмасушы екі тарап қана ақпараттың мәтінін көре алады. Бұл asymmetric encryption технологиясының көмегімен жүзеге асады.

Жобаны жүзеге асыру үшін оқушы php, javascript бағдарламалау тілдерін қолданған. Сайттың функционалдық мүмкіндіктерін арттыру мақсатында JQuery, AJAX веб-интерфейстерін жасау техникаларын пайдаланды. Ақпаратты сақтау мақсатында MySQL мәліметтер базасын басқару жүйесі қолданылған. Оқушы болашақта жобаны Python-Django бағдарламалау ортасында дамытпақшы және мобильді құрылғыларға арналған нұсқасын әзірлеуді жоспарлауда.

# Сандық технология – болашаққа баспалдақ

**Елімізді дамыған 30 мемлекет қатарынан көру үшін сандық технологияны қарқынды дамыту – ең өзекті мәселелердің бірі. Қашанда жаңа технологияға бай мемлекет көш бастап тұратыны сөзсіз. Сондықтан ел экономикасын цифрландыру негізінде дамытып, жаңа индустрияны қалыптастыру әлемдік өркениетке сенімді қадам басудың алғышарты болмақ.**

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының басты мақсаты – тұрғындардың өмір сапасын арттыру әрі ұлттық экономиканы цифрландыру. Көптеген дамушы елдер бұл бағытта қаржысын да, ресурстарын да аяп жатқаны жоқ. Жаһандық жүйеде белсенді дамып келе жатқан елдердің қатарында Қазақстан да бар.

Егер қарапайым тұрғындар сандық технологияны жетік меңгерер болса, қажетті ақпаратқа қол жеткізу, үкіметпен тығыз байланыс орнату да жеңілдей түседі. Оның үстіне, ақпаратты алмасу мен сақтауда алға басарымызға шүбә жоқ. Қарапайым ғана мысал, сымсыз телефондар, желілік арналар – осындай іс-әрекеттердің жемісі.

Тұрғындардың кеңжолақты ғаламторға қолжетімділігі қоғамның сандық сауаттылығының артуы және электронды жүйенің шарықтау шегі екені баршаға аян. Сондай-ақ, кез келген мемлекеттік басқармаларға интернет желісі арқылы сұрау тастау мүмкіндігіне ие боласыз. Сандық технологияның ең үздік жетістігі де осы. Сонымен бірге, сандық технологияның экономикадағы бәсекелестік пен тұрғын тұрмысын жақсартудағы атқаратын жетекші рөлі зор. Озық елдер тәжірибесі көрсеткендей, тиімді цифрландыру шаралары экономиканың қарқынды дамуы мен халықтың өмір сүру сапасын арттырудың негізгі факторына айналды.

Сандық технология еліміздің өркениетті мемлекеттер қатарында болуы үшін бірден-бір таптырмас мүмкіндік.

**Ғалия БИСЕЙІТ,**
**Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті.**

# «I-teka» несімен тиімді?

**Қызылордалық Жанерке Ермахан қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша Астана медицина университетінің III курсында оқып жүр. Ол жуырда «I-teka» бірыңғай анықтамалық жүйесіне енетін медициналық онлайн кеңесші жасап шығарды.**

**Назерке САНИЯЗОВА.**



«I-teka» медициналық портал жүйесі – телефон анықтамалығы мен ғаламтор сайттарын қамтитын онлайн құрал. Мобильді қосымша емделушілерге қажетті дәріханаларды, дәрі-дәрмектерді, медициналық мекемелер мен дәрігерлерді табуға көмектеседі. Компания наурыз айында отандық жоғары оқу орындарының студенттері арасында автоматты чат-бот әзірлеу бойынша байқау ұйымдастырды. Нәтижесінде дәл әрекет ететін алгоритмі бар кеңес беруші робот жасап шығарған Жанерке жеңімпаз атанды.

– Емделушімен сөйлесу арқылы чат-бот алдын ала болжамды диагноз қойып, қажетті маманға көрінуді ұсынады. Ал оған дейін ауруды уақытша басатын дәрі-дәрмектер жөнінде кеңес беріп, ауруды анықтау үшін қандай медициналық тексеруден өту керектігін көрсетеді, – дейді Жанерке.

Мамандар қазір Жанерке ұсынған чат-ботпен жұмыс істеп жатыр. Жоба халықтың уақытын үнемдеуге, аурудың алдын алуға ықпал ете алады.

Дәрігер болу – кейіпкеріміздің бала күнгі арманы. Анасы жиі ауырып қала бергендіктен, ол медуниверситетте оқуды мақсат етіп қояды. Әуелгіде Қытай халық медицинасы мамандығын таңдағысы келген екен. Кейін ол ойынан айнып, қоғамдық денсаулық сақтау мамандығына бет бұрды. Айта кетейік, Жанерке 2016 жылы Қызылордадағы Назарбаев зияткерлік мектебін үздік бағамен бітірген. ҰБТ-да ең жоғары 125 балл алып, мемлекеттік білім грантымен оқуға түсті.

Бүгінде Жанерке – белсенді студент. Ғылыми конференцияларға, конкурстарға қатысып, алғырлығы мен білімділігін дәлелдеп жүр. Ол жуырда өткен республикалық конкурста медицина саласын ілгерілетуге арналған тағы бір инновациялық IT шешімін ұсынды. Шараны Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен медициналық университет ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы өкілдігі және республикалық электронды денсаулық сақтау орталығымен бірлесіп ұйымдастырды. Халыққа нақты ақпарат таратуды көздейтін мобильді қосымша қазылар алқасының жоғары бағасын алып, студенттер командасы жүлделі орынға ие болды. Конкурстың бас демеушісі – «1С» компаниясы жүлдегерлер тобына қаржылай сыйлық сертификатын табыс етті. Жанерке мұның жобаны жүзеге асыруға жұмсалатынын айтып отыр. Ал мобильді қосымша келесі жылы іске қосылмақ.

Әңгімелесу кезінде кейіпкеріміз өзін медицинадағы өзекті мәселелер, әсіресе, екпе салдыру жайы алаңдататынын жеткізді. Айтуынша, елімізде соңғы 8 жылда әртүрлі себеппен вакцинадан бас тартқандар саны 18 есе артқан.

– Екпе егу – адамзатты жұқпалы аурулардан қорғау және алдын алу бойынша ең тиімді іс-шаралардың бірі. Ал оны салдырмаған адам айналасындағы 15 адамға қауіп төндіретіні дәлелденген, – дейді ол.

№75-76 (19753-19754) 25 мамыр, сенбі 2019 жыл

# Есімде, бәрі есімде...

**Естелік емес, естелік айтатын да кез келер. Ал мына жазбаның жөні бөлек, жөні бөлек болатын себебі: сенің кешегі өткен балалық шағың, өмірге деген құлшынысың, арман-қиялың, керек десеңіз – ауылдың Мона Лиза секілді ару қызына алғаш рет ғашық болғаның және ол сезіміңді айта алмай да жеткізе алмай, пұшайман хал кешкенің тасқа жазылған құсни хаттай көңірегіңде сайрап тұр. Түртіп қалсаң, арнасы табылған ағыстай, немесе таңғы шықтай жүрегіңді сан алуан сезімге бөлеп, аяғыңды жерге тигізбей, аспан әлеміне «ала жөнеледі». Жә, лирикалық кіріспені осы жерден тұйықтайық.**



Теңіз қолтығындағы Бөген ауылы – менің бар шығармашылық әлеуетімнің темірқазығы. Дәм-тұз тартып, талай жердің топырағын бастық, қаланың да, даланың да бір адамдай қызық-шыжығына қанықтық. Сөйтсе-дағы, сол өлкелердің таңдай қақтыратын ғажайыптары Бөген ауылы сыйлаған «өмір мектебінің» қарапайым «сабақтарына» ұқсаған емес. Ұқсамақ түгілі маңайламайды, құбылаға қарап тұрып ағымнан жарылайын, тамыз айындағы жалаңаяқ табаныңнан өтетін Бөген ауылының ақшағыл ыстық құмындай құмды Дубайға барғанда да кезіктіре алмадым. Біздің балалық шағымыз ұлы теңіздің жағалаудан біртіндеп қайта бастаған «өтпелі кезеңімен» тұспа-тұс келді ғой. Жарықтық Аралдың тұзды суының дәмі қандай еді, шомылып жүргенде байқамай жұтып қойсақ та бал татыған секілді сезілетін. Қыстайғы ала-құйын қарлы борасыны, құм суырған желі біздерді қақпайлап, бес күнгі тірлікте кезігетін қиындыққа қалай шыдаудың, қалай төзудің «тар жол, тайғақ кешуін» үнсіз үйреткендей еді ғой. Астанаға қоныс аударған жылдары кейбір әріптестерім Арқаның өңменіңнен өтетін ызғырық желі мен боранына үйренісе алмай, жылы-шуақты Алматысына қайта көшті, тұмса табиғатпен бауыр басып кете алмады. Өздерін айдан түскендей сезінді. Ал менің қылым қисаймады, «теңіз жағалауындағы желге әбден етіміз үйренген ғой» деп түк болмағандай, алшаң басып жүре бердім. Шындығында Аралдың қысына да, төбеңді тесер ыстығына да шыдас беретіндер сирек. Біздер, – «Көнебөгеннің көгенкөздері», он жылдық мектеп бітіргенше қыс демей, жаз демей жеті-сегіз шақырым жерден күн сайын жаяу қатынап оқыдық. Үстіміздегі киіміміз де жұпынылау, балықшыларға берілетін «списопка» – күртеше мен шалбардың етек-жеңін қысқартып, «сән ательесінен» жаңа шыққандай, жұтындырып киіп алатынбыз. Аяқта керзі етік. Бет қаратпайтың қысты күнгі аяз қандай! Қолдың да, құлақтың да үсіген кездері аз болмады. Бірақ соған қарамай, сабақтан қалмас үшін төбе басындағы екі қабатты мектеп-үйіне жетіп жығылатындығымызды айтсаңшы! Бүгін ойласам, бұл неткен өлермендік деп еріксіз бас шайқаймын. Қатарымыздан кем қалмайық деген намыс па, білімге құштарлық па, әлде ұстаздардың алдында желкемізді қасып, үйге берілген тапсырманы білмей, тақта алдында мүләйімсіп тұрмайық деген өжеттілік пе, қалай дегенде де бойымызға сол кезден бастап ұят сезімінің пайда болғандығын сеземін. Біз үнемі бір-екі сабақтан кешігіп келетінбіз. Мұғалімдер ұрыса қоймайтын, ал жылы сыныпта былары бұрқырап отыратын бөгендіктерге қызыға да қызғана да қарайтынбыз. Интернатта жатып оқу біздің маңдайымызға жазылмады, әжелеріміз «бұзылып кетесіңдер» деп ол орынға «жайғасқанымызды» құп көрмеді. Сөйтіп, «итшілеп жүріп» он жылдық бітірдік қой. Сол он жыл бойы жеті шақырымды жаяу-жалпылаған «көнебөгеннің көгенкөздері» түбі «жаман болмағанға» ұқсайды. Толыбай Абылаев, Әділхан Сапаров, Аманбай Әлимағанбетов, Жарылқаған Әлімбетов, Тұрсынбай Қаражанов, Зияда Биқожаева, Базаркүл Смағұлова, т.б. есімдері әркез туған бауырдай жаныңды жылылыққа бөлейді.

Тағы бір кішкене шегініс. Қалам ұстаған адамның қолынан не келеді? Біздің «пешенемізге» жазылғаны осы болды, басқа мамандықты таңдауға мойын жар бермеді. Шүкіршілік жасаймыз іштей. Осы күнге дейін оннан астам прозалық кітаптарым жарық көріпті. Аз ба, көп пе, о жағын таратып айтқым келмейді. Тәубеме келетінім, «қатарыңның алды бол» деп үлкендер бата бергендей, өзіммен үзеңгілес қалам ұстаған құрдастарымның соңында шаң қауып қалғаным жоқ. Жұрттың алдына қара үзіп шығып кеттім деп те айта алмаймын. Жазу азап, азаптың азабы. Бұл мен ашқан жаңалық емес. Ал бас-көзге қарамай төпей беретіндер қай заманда да болған, бола береді де. Сөздің келер жағында айттым ғой, жазған-сызғандарымның бәрі теңіз жағалауындағы балықшы жерлестерімнің тағдырларымен тығыз байланысты деп. Солардың көңіл күйлері, қуанғаны, күйзелгені, жан дүниелеріндегі психологиялық ахуалы. Таусылмайтын тақырыптар, орайын тапсаң, тарқатылып шыға береді. Қалай дегенде де осы тақырып жүрегіме жақын. Көз алдыма теңіз елестеген сәтте, «... мен мына кең дүниеге сыймай кетемін». Біреулер мені «Нұрпейісовтен кейінгі теңіз жыршысы өзіңсің» деп астыма көпшікті қалыңдатып қоятыны бар, бұл бағаның да артық-кем тұстарына жағалаулық жерлестерім төреші. Әрине, тартылған теңізді қалпына келтіру менің қолымнан келмейді және ол шаруадан үміттенбеймін де. Дей тұрғанмен, менің кітаптарымды оқығандар жан-тәнімен құм арасында тірлік кешкен бөгендіктердің тырнақтай болса да қаяу көңілдерін көтеруге септескен екен десе, менің шығармашылығыма берілетін орнықта мақтау сол ғана.

Бөген, Бөген ауылы! Балалық шағымның көзі тірі куәгері! Құм шағылдарында өшірілместей іздерім сайрап жатыр. Екі қабатты Бөген орта мектебінің қоныстанған төбесінің өзі ғажап қой! Бұлт арасынан жылт етіп көрінетін күн секілді алыстан мұнадалап көзге бірден шалынады. Уақыт шіркіннің тым ұшқырлығына не берерсің! Мектеп бітіргенімізге табаны күректей елу жыл болыпты. Бір азаматтың өмірі. Ал мектебімізге 100 жыл! Ауыз толтырып айтарлықтай бір ғасыр! Қаншама шәкірт тәрбиелегендігін осы істің басы-қасында жүргендер деректе сүйеніп дәлелдер. Сірә, сан жетпейтін болар. Мейлі, шет жерде болсын, республикамыздың түкпір-түкпірінде болсын, өздерінің бұйырған несібелерін теріп жеп жүрген жерлестерім құм төбе басына қоныстанған Бөген орта мектебін бәрібір ұмытпайды, естерінен шығармайды. Ұмыту, естен шығару да мүмкін емес. Жұмырбасты пенденің ең қызық, ең тамаша уақыты мектеп қабырғасында өтеді ғой.

Мәселен, кең балақ шалбарымен құм кешіп, қолтығына сынып журналын қыстырып, ыңылдап өлең айтып келе жататын Жалғас Құрманов ағайдың кескін-келбеті сол күйі көз алдымнан тірі суреттей елестейді. Қазақ тілі әдебиетінен сабақ берді. Сабақты жақсы түсіндіретін, тәжірибесі мол еді. Бой-сойы келіскен, оның үстіне ақ көңіл еді ғой жарықтық! Толыбай екеуміздің аудандық «Толқын» газетіне тырнақтай хабар-ошарымыз жарық көрсе де, дәп бір өзі жазғандай балаша қуанып жүретін. Әлі есімде, мектеп бітірерде сынақ тапсырдық. Спорт залда шығарма жаздық. Күн ыстық еді. Біздің Алматыға, КазГУ-дың журналистика факультетіне түсеміз деп талаптанып жүргендігімізді білген соң, шығарманың бұрыс-дұрыстығына қарамастан бірден «5» қойып берді. «Беске» лайықты еместігін ішім сезеді. Алматыға арқаланып баруын барғанмен, жоғары оқу орнына түсе алмадық. Екі жылдық еңбек стажы деген де сәл кедергі келтірді. Ізінен қалмай жүріп, ақыры бір қараға тұяқ іліктірдік-ау. Кейін Жалғас ағайдың сабақтарына Көнебөгеннен жаяу қатынағандықтың салқыны тиді ме, салғырттау қарағанымды сезіп, талай мәрте бармақ тістедім. Садық Жұмағұлов ағайымыз мектеп директорлығына қарамастан, бізге математикадан дәріс берді. Ауданнан тексерушілер келе ме білмеймін, қонақтар келе ме білмеймін, ол кісі сыныпқа кіріп, тапсырма беретін де дереу шығып кететін. Қалған шаруаны өзіміз «ыңғайластыратынбыз». Есептің жауабын кітаптан көшіріп алып, қоңырау қашан болар екен деп тымпиып отыратынбыз. Ол «ұрлықты» да ұмытқаным жоқ, балалық пен шалалық болған шығар, дегенмен, есейгенде еске түскен соң қысыласың кәдімгідей. Мектептің төмен жағындағы еңесте үйі болатын Жұмағали Әлішов ағайымыздың майда дауысы әлі күнге дейін құлақ түбінен күмбірлейді. Химиядан Айнадин Сисекенов ағайымыз сабақ берді. Топырағы торқа болғыр, жүзі пейіште шалқығыр тұлғабітімі кең пішілген үлкен жүректі азамат еді ғой. Қапи ағайымыз ше?! Тарих пәнінен дәріс берген Әлимұрат ағайымыздың мектеп жанында бүйірін таянып, шіреніп тұратын тұлғасын естен шығару мүмкін бе? Арыстан Әлімбетов таңертең жеті шақырым жерден жаяу келетіндігімізді ескерместен, бізді ертеңгілік дене жаттығуынан қалып қойдыңдар деп әкемізді танытатын. Біздің алғашқы өлең шатпағымызға тұңғыш «редактор» болған адам, ол – иманды болғыр Тастыбай Әбдиев ағамыз.

Алпысқа келгенде ауданның сол кездегі әкімі Нәжмадин Мұсабаев шақырып, «туған жеріңе апарып, топыраққа аунатамыз» деп мені әріптестерімен бірге Бөгенге алып барған-ды. Көнебөгендегі үйіміздің орнын құм басып тастапты, «топыраққа аунатудың» жоралғысын сол жерде жасаған болдық. Бөгендегі клубта кездесу ұйымдастырылды. Сол кездесуде маған берілген оюлы шапанды сахнаға шығарып Тастыбай ағайдың иығына жауып кетіп едім. Ағайымыздың сондағы қуанышын көрсеңіз! Әділхан Әбдікәрімов ағайымыздың да жөні бөлек. Шәкен Нұрекешов, Тілеужан Жәнелов, Ысқақ Есжанов ағайлардың есімдерін қалай ұмытарсың!.. Сабақ берген ұстаз-апайларымыз қаншама?! Елу жыл «өз қалауын алуға шебер», көп жағдайды ұмытып қалсам, бәрінен, баршасынан кешірім сұраймын. Орыс тілінен көрікті, сұлу апайымыз сабақ берді, күйеуі дәрігер болып істейтін. Біздің ауылға көп тұрақтап тұра алмады ғой деймін, кейіннен басқа жаққа көшіп кетті. Айтайын дегенім, сол ұстазымыздың сабағына енжар қарағанымды, орыс тілін шалалау оқығаныма әлі күнге дейін өкінемін. Естеріңізде болса өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының басында Әлдихан Қалдыбаев деген азамат біздің мектепке келіп, тәжірибеден өтті. Кейін үлкен балалар жазушысы болып қалыптасты, Жамбыл облыстық газетінің бас редакторы еді. Бір кездесудің ыңғайы келгенде осы оқиғаны оның есіне түсірдім. Өзі секілді тәжірибеден өтуге келген жас қызбен теңіз жағалауында қыдырып жүретін. Басталған әңгімені өзі білетін штрихтармен жалғастырып әкеткені әлі есте.

Мектебімізге қазақтың Островскийі атанған Зейнолла Шүкіровтің есімі берілді. Табылған шешім. Қайран Зекең-ай, арадағы жас айырмашылығы себеп болды ма, әлде ынжықтығымның әсері ме, мен әйтеуір, сол кісіге жақындап бара алмадым. Өзімнің Бөгеннен шыққандығымды да айта алмадым. Осындайда «ескі сурет» қайта жаңғырады, жан дүниеңді жаңаша әсерге бөлейді. Анда-санда Зекең туған ауылына ат басын бұратын. Ағайын-туғанмен сұхбаттасып, алқа-қотан отырып, сағынышын басып, көңілін бірлеген соң мектептің біздің ауылы жақ бетіндегі құм төбенің басына шығып, батып бара жатқан күннен көз алмай, ұзақ-ұзақ ой құшағына беріліп отыратын еді. Не ойлайтындығын кім білсін, ойын баласы біздер ол кісіге кесірімізді тигізбейік деп, сыртынан қызықтап қана қарап, өз жөнімізбен алданып кете баратынбыз. Ақын-жүректің күндердің күні туғанда арамыздан алшақтап кететінін де сезбеппіз. Кейін Алматыда оқып жүрген тұста бәріміз жақсы білетін белгілі жазушы Молдахмет Қаназов ағамыз Зекеңді балаша қолына қондырып, Қызылордадан Алматыға әкеліп жүрді. Әдеби кештерге қатыстыратын, оқушылармен кездесулер ұйымдастыратын, баспаларға алып баратын. Қонақүйде жатқанда сәлем беріп қана шыққаным бар, ынжықтығымның арқасында өзімді таныстыра алмадым. Өмірде өкінішті жайлар аз ба?!

Бөген орта мектебіне – 100, біздің сол мектепті тәмамдағандығымызға – 50 жыл! Ал мықты болсаңыз уақыт «емтиханынан» сүрінбей өтіңіз. Елу жыл! Елу жылда – ел жаңа. Ана жылы ауылға келген сапарымда мектепке арнайы бас сұққаным бар. Сыныпқа кіріп, өзім отырған партаға отырып та көрдім. Ауыл сол қалпы, ал адамдар өзгеріп кеткен секілді көрінді маған. Ұрпақ алмасқан. Кейінгілердің біразын тани алмадым. Бірге оқығаннан Ысқақты ғана тауып алдым. Мептептің төңірегінде жұмыс істейді екен. Асығыстау болса да үйінен дәм татып шықтық. Қазір жаңа мектеп салынған дейді. Бұйырса, оның құтты табалдырығынан да аттармыз. Облыс басшысы Қырымбек Көшербаев сол жаңа мектептің ашылу салтанатына қатысқан-ау деймін. Астанада бір кезіккенімізде «Бөгеннен мептеп бітірген екенсің ғой, суретіңді мектептен көрдім» деп айтып қалды.

Иә, Бөген орта мектебін бітіргенмін. Дұрысы елуден астам оқушы сол мектепті мұнан жарты ғасыр бұрын бітіргенбіз. Тағдыр айдап әркім әр тұста жүрген болар. Бәрінің, баршасының отбасына береке-бірлік, зор денсаушылық, амандық тілеймін! Ұрпақтарын өсіріп, немере-шөберелерінің ортасында шапқылап жүре берсін. Сайлаубай Жолымбетовпен жиі хабарласып тұрамын. Отбасымен араласамын, мектеп қабырғасында жүргеннен тіл табыстық. Елдің жағдайын сол азаматтан сұрап-білемін. Кейбір боранды күндері Көнебөгенге жаяу қатынауды қиынсынып, әрі күннің суықтығын сылтауратын Нәкеңнің, иманды болғыр Нағымет ағаның үйінде қонып қалатынмын. Дүрия жеңгеміздің пісірген тағамдарының дәмі, табадағы нанының бұрқыраған иісі әлі күнге дейін мұрын жарады. Қазір ол кісілер арамызда жоқ, Алла тағала алдарынан жарылқасын. Толыбай менің сырласым, мықты ақын. Ел-жұрт мойындаған ақын. Айыбы, «ауылдағының аузы сасық», бірақ ешкімнен сорлы емес, өлеңдерін бұрқыратын жазып жатыр, кітап боп шығып жатыр. Шығармашылық табыс тілеймін досыма! Әділхан Сапаровтың да дауысын телефоннан жиі естіп тұратын. Домбыра тартады, ән салады, дауыс ырғағы керемет. Көңілді жүреді. Әкесі Қошекең, Қошмағанбет ағамыз сондай кіді, үсті-басын таза ұстайтын кәдірменді ақсақал еді. Арал қаласынан атына көше беріліпті деп естідім. Оң болған, Әділхан досыма құдай қуат бергей!

Біз, Көнебөген бөлімшесінен Бөген орта мектебіне қысы-жазы қатынап оқыған бір қауым оқушылар, сол Көнебөгеннің екі-үш бөлмеден тұратын шағын ғана бастауыш сыныптарында қолымызға алғаш рет қалам ұстатқан, қаріп танытқан Патшайы Назарова, Айша Ермағамбетова, Назігүл Мамырбаева апайларымызға, Бақым Өмірсеріков, Нәжмәдин Ақбиманов ағайларымызға мәңгі қарыздармыз! Жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа болғай! Алдарынан жарылқасын! Бірғасырлық мектеп тойында осы кісілердің аты-жөндері де үлкен әріптермен жазылып, ел есіне қайта түсуге тиіс әрі міндет! Мен кімдермен бірге оқып, кімдерді мақтан тұтатындығымды айтайын: Қазыбек, екі Толыбай, екі Сайлаубай, Әділхан, Аббаз, Файзулла, Қонысбай, Сақташ, Нұрылла, Әділжан, Шәкит, Амантай, Ибадулла, Жұмабек, Сәбира, Бақытжан, Болпан, Зәру, Ақерке, Күнқияш, Сұлу, Жұмагүл, Гүлмайрам, Алтыншаш, Жаңылдық, Бағиа, Сағындық, Аманбай, Манасбай, Қанағат, Назира, Бағдагүл, Сәбит, Жантуған, Айымкүл, Мәдина, Қымбат, Айдай, Күлмараш, Әмина, Сәуле, Жұмагүл, Гүлмайрам, Жанғали, Анатолий, Құлатай, Сақи, Жұма, Күнқияш, Ғалия, Бақыт, Талайлы, Сағираш, Зина, Күләш, Рабиля, Сәнімкүл, Рафик, Мұрат, Қасқырбай, Жандәулет, Сейтмұрат, Жаңбырбай, Зияда, Байнаш, Ермек... Аты аталмағандардан кешірім сұраймын. Бәрінің бірдей еске түсе бермейтіндігі рас, оған жетпіске жақындаған «жастық» кінәлі.

Елу жыл! Бір адамның ғұмыры! Арамызда жоқтардың аруақтарына бас иіп, тағзым етейік. Бүгін оларды да біздің жанымызда жүр деп сезінейік. Ұрпақтары аман болғай. Өткен ғасырдың алпыс тоғызыншы жылы мектеп бітірген түлектер, бәрімізді Бөген топырағында кездесуге жазсын! Беттеріңнен сүйіп, бәріңді құшағыма қыстым!

**Қуаныш ЖИЕНБАЙ,**
**жазушы, халықаралық «Алаш», халықаралық ПЕН-клубы сыйлықтарының лауреаты, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, Арал ауданының Құрметті азаматы.**
Нұр-Сұлтан қаласы.

ҒИБРАТ

**Сырдың белгілі азаматы Хамит Ембергенов тоқсанға толды. Құттықтаулар, ыстық лебіз білдіргендер тасқыны толастар емес. Біз бүгін ардагер ағаға өзінің ұзақ жыл бауыр басқан сүйікті басылымы «Сыр бойы» арқылы жүрекжарды лебіз білдіруді парыз тұттық.**

# Сырда туған сырбаз



Біз Хамит ағамен көптен сырласпыз. Сонау 1947 жылы ауылдағы жетіжылдық мектепті бітіріп, педучилищенің есігін аттағанда кезіккенбіз. Кәмекең ол кезде қаланың шетіндегі Колхоз көшесінде тұрушы еді. Қазір бұл көше Құдабаев атында. Биыл осы құтты қоныста тұрғанына да 90 жыл толыпты. «Осы үйде ержеттім, есейдім, отбасын құрдым. Шүкір дейінші, он ұл-қыз өсірдім, бәрі жоғары білімді, 33 немере, 20 шөбере, 2 шөпшек қолыма су құюға жарап қалды. Бұл үлкен бақыт емес пе?» деп аға әңгіме төгілтіп отырды. Тек жан серігі Ләтипадан көз жазып қалғанына биыл он жылдай болыпты, көңілдегі түйткіл сол ғана.

Біз Кәмекеңнің өмірдерегіне көз жүгірттік. Білімге құштар азамат Н.В.Гоголь атындағы пединституттың тарих факультетін бітірген. Аралбай, Балтабай, Сәдуақас Темірбеков, Елеу Көшербаев, Дәуірхан Айдаров, Дәумен Шоманов сынды белгілі азаматтармен курстас болды. Еңбек жолын Сырдария аудандық оқу бөлімінде инспектор болып бастапты. Кейін қызметін қалалық, облыстық партия комитетінде жалғастырған. Біраз жыл облыстық «Білім» қоғамында Е.Жүсіпов, Т. Сақтағанов секілді азаматтардың ақыл-кеңесін алып, тәрбиесін көрген еңбек ардагері әңгімені әріден қозғап отырды.

– 1967 жылы Сырдария ауданы қайта құрылды. Бірінші хатшы Еламан Жүнісбаев кадрларды іріктеді. Екінші хатшы болып А.Шорағазиев сайланды. Бөлімдерге М.Әміреев, С.Үсенов, Е.Ертуғанов, Ж.Жәрекеев, Ж.Адырановалар келді. Мен аудандық партия комитеттің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушілігіне ұсынылдым. Маған үлкен жауапты жұмыстың тізгіні осылайша сеніп тапсырылды. Ол кезде аудан орталығы – Тасбөгетте. Маған Қызылорданың бір қиырындағы Журба көшесінің ең соңындағы үйден Тасбөгетке қатынауға тура келді. Күн сайын ерте тұрып, жаяу-жалпылап Тасбөгеттегі жұмыс орныма мезгілінде барудың қиындығын жеңдім. Қысқасы, жиырма жылдан астам, яғни аудан тарағанша бір қызметтен табан аударған жоқпын.

Иә, Кәмекең ұзақ жыл еңбек етіп, 1991 жылы зейнетке шықты. Оған да отыз жылға жуықтап қалыпты. Жүйткіген жүйрік уақытай?! Енді, міне, тоқсан деген есікті ашып-жапқандай секілді болып тұр.

Ана бір жылдары «Боздақтар» редакциясын құруға шешім қабылданды. Бұл жұмысты жүргізу журналист Мырқы Исаев пен еңбек ардагері Хамит Ембергеновке жүктелді. «Боздақтардың» бірнеше томы жарыққа шықты. Ұлы Отан соғысы жылдарында хабарсыз кеткен бес мыңдай боздақты іздестіру, кітапқа қосу оңай шаруа болмады. Талай жерге іздеу салынды. Архивтерді ақтарып, күнтүн демей еңбек етіп, хабарсыз кеткендердің есімін анықтау, оларды туған-туыстарына қауыштырудың қиын сәттері мол болды. Талай отбасы әке-ағаларымен қайта қауышып, редакцияға қуаныштарын жолдаған хаттар тасқыны қардай жауды.

Бұл күндері бірыңғай зейнет демалысында. Үлкен үйдің кең залында жағалай қатарласа тізілген кітап. Кәмеңнің жазу үстелінде газет тігінділері. Жыл сайын баспасөзге жазылуды қалт жібермейтін әдеті бар. «Егемен Қазақстан», «Айқын» «Жас Алаш», «Сыр бойы», «Ардагер айнасы», «Ақмешіт апталығының» әр санын жібермей оқиды, ойға түйгендерін дәптеріне жазып қоятын дағдысы бар. Сусынын қандырған танымдық дүниелерді оқыған сәтте үзеңгілес інілеріне «мына дүниені» оқыдыңдар ма?» деп хабарласып қояды.

Бір сәт ағаның бөлмесіндегі үстел үстіндегі телеграммалар мен құттықтау хаттарға көз жүгірттік. Қоғам және мемлекет қайраткері Бердібек Сапарбаевтың арнайы адресатынан жүрекжарды ықылас сезіледі. Ал Оңалбек Сәпиев Кәмекеңді мәуелі бәйтерекке теңейді. Әбдіжәлел Бәкір, Кеңес Маханбетов, Абдулла Дәулетов, Қаһарман Табынбаевтар ыстық ықыластарын жаудырғаны байқалады. Ал, ақын-журналист Өтеген Жаппархан «тоқсанды тобығынан қағып, жүздің ауылына жол тартқан тұлпардың тізгінін ұстаңыз, бізге сіздің күш-қуатыңыз әлі бөлек көрінеді» деп жыр арнапты.

Ардагер Хамит Ембергенов асып-тасуды білмейді. Сыпайы, сырбаз мінезіне шаң жуытпайды, «Сен» деп айтуды қаламайды. Үлкен-кішіге «сіз» деп сыпайы сөйлейді. Әлі қуатты, бойы тіп-тік. Еңбегіне қарай алған марапаттары бір басына жетерлік. Сырдария ауданының Құрметті азаматы.

Біз жаны жаз, көңілі көктемдей сырбаз ағамен ұзақ әңгімелестік. Өз өмірінен қызықты эпизодтарды айтып тауыса алмай отырды.

– Киім сыртынан емес, ішінен тозады, қарағым. Құда-жекжаттарыма, ұл-қыздарыма, немерелеріме ризамын. Тау көп, шың аз, құстар көп, сұңқар аз, жылқының бәрі тұлпар емес. Талай жайсаңдармен тұз-дәмдес болдым. Көбісі жоқ, қатарларым сиреп барады. Аралбай Маханбетов, Айтбай Сапаров, Ұзақбай Көпешев, Айтбай Ыстықбаев, Төлек Сақтағанов, Сәдуақас Темірбековтер арамызда жоқ. Күні кеше ғана арамызда жүрген шешендігі және көсемдігінен жаңылмаған абыз Сейілбек Шаухамановтан қас қағым сәтте көз жазып қалғанымызға жүрек сыздайды, сенгің келмейді, – дейді ағамыз.

Біз де тұруға жиналдық. Дарбаза сыртынан бір қауым ел келгендей болды. Ұлдары Марат, Хайнеттин, Жанабаддин, қыздары Шара, Клара, Қадиша, Ұлжандар және немерелер қолында бір бума гүл. Гүлге оранған Кәмекең бүгін тағы да шаттық құшағына бөленгендей күй кешті.

Бізден бір тілек:

– Қуанышыңыз көбейе берсін, Кәмеке! Жүздің ауылына қарай жол тарта беріңіз!

**Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,**
**Бегімбай ҰЗАҚБАЕВ.**

ЖАЗУШЫ-ЖУРНАЛИСТ А.СӘДІБЕКҰЛЫ 80 ЖАСТА

# Туған жердің ыстық құшағы

**Қазақ әдебиеті мен журналистика саласында өзіндік қолтаңбасы бар қаламгер, Сыр елінің перзенті Айжарық Сәдібекұлы биыл 80 жаста. Жуырда жазушыны облыс әкімі Қырымбек Көшербаев арнайы қабылдап, құттықтаған болатын. Қабылдауда облыс әкімдігінің қолдауымен жарық көрген қаламгердің екітомдық «Парасат майданы» және «Жұмыр жерде біз бармыз» атты кітаптары оқырманға жол тартқан еді. Осы аптада жазушының мерейтойы туған өңірі – Арал ауданында жалғасып, мәдени-көпшілік және кездесу шаралары өтті.**





Қаламгерді алдымен аудан әкімі М.Оразбаев қабылдап, құрмет көрсетті. Онда жазушының қазақ әдебиеті мен журналистика саласына сіңірген еңбегі сөз болды. Сондай-ақ, ауданның бүгінгі тыныс-тіршілігі, өнер, мәдениет саласындағы жетістіктері әңгіме арқауына айналды.

Мұнан кейін мерейтой иесі мен келген қонақтарға жаңадан салынған келісті «Рәміздер алаңы», Ә.Нұрпейісовтің әдебиет үйінің жұмысымен танысу шарасы ұйымдастырылды. Аталған нысандар қазір Арал қаласының ажарына айналған. Ондағы балалар ойын алаңы, жаңа үйлердің қаз қатар бой түзеуі шын мәнінде, жаңашылдықтың жарқын үлгісіндей әсер қалдырады.

Туған жерге табан тіреген қаламгерді ұлықтауға арналған негізгі шара аудандық мәдениет үйінде жалғасты. «Тарихқа қалам тербеген» атты шығармашылық кеште аудан әкімі Мұхтар Оразбаев сөз сөйледі.

– Қалың оқырман өзіңізді талантты жазушы-журналист ретінде жақсы біледі. Шығармаларыңыз халық жүрегіне жетіп, ықыласына бөленіп жатса, ол, бірінші кезекте, өзіңіздің еңбегіңіздің, мамандыққа деген адалдығыңыздың, шынайылығыңыздың жемісі дер едім. Біз сізді ұлтымыздың ұлы қасиеттерін бойында сақтап, үлкендіктің әдемі үлгісін көрсетіп келетін азамат ретінде мақтан етеміз. Сондықтан, бүгінгі мерейтой өзіндік мән-мазмұнымен, өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбиесімен құнды деп есептейміз, – деді аудан басшысы. Сонымен қатар, Құрмет грамотасын табыс етіп, сый-сияпат жасады.

Айта кетейік, Айжарық Сәдібекұлы өңірдің журналистика саласына үлкен еңбек сіңірген аға буын өкілдерінің бірі. Әсіресе, «Сыр бойы» газетінде жырма жылдың үстінде атқарған қызметі талантты қаламгердің еңбек жолындағы жоталы жетістігі саналады. Осы тұрғыда кездесуде дербес зейнеткер, ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі тоқсанның төріне шыққан Шәкірат Дәрмағамбетов мағыналы сөз саптады. Әріптес інісінің бітім-болмысы, еңбекқорлығы, қызметке адалдығы жайында естеліктер айтты. Сонымен қатар, қаламгердің өмірі мен шығармашылықтағы шынайы болмысын, өзгеге ұқсамайтын жазу мәнерін филология ғылымдарының кандидаттары Шанжархан Бекмағамбетов пен Алдажар Әбілов, «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидинов жақсы жеткізді. Ақын, Ж.Әбдірашев атындағы әдеби сыйлықтың иегері Толыбай Абылаев арнау өлеңін оқыса, ҚР Мәдениет қайраткері, күйші-композитор Мұрат Сыдықов та жүрекжарды лебізін жеткізді. Осындай керемет кештегі сүбелі сөз бен ыстық ықыласты әнмен әрлеп, бимен байытып отырған аудан өнерпаздары да жұрттың ризашылығына бөленді.

Айжарық Сәдібекұлының 80 жылдығына арналған шара орталықпен шектелген жоқ. Арал қаласынан Қамыстыбас арқылы жүріп отырып «Көкаралды» көктей өткенде барлығы 300 шақырымға жуықтайтын жол сонау Ақбастыға алып барады. Міне, осы ауыл жұрты да жазушының мерейтойына дайындық жүргізіпті. Мұнда осыдан жеті жылдай бұрын № 22-ші орта мектеп жаңадан салынған болатын. Осы мектептен «А.Сәдібекұлының әдебиет бөлмесі» ашылып, мерейтой иесі мен қонақтарға таныстырылды. Білім ұясында ауыл жұртымен жүздесу ұйымдастырылды. Онда аудан әкімінің орынбасары Бектемір Жұмағұлов, ауыл ақсақалы Сәуелхан Смағұлов, ауыл әкімі Кенжебек Жанназаров туған жер перзентіне деген ыстық ықыластарын жеткізді. Сондай-ақ, Бақыткүл Қадырова басшылық ететін мектеп оқушылары арнайы бағдарлама ұсынды. Әсіресе, жазушының еңбектерінен үзінділерді жатқа айтқан шәкірттер кездесудің көздеген мақсатын дөп басқандай болды.

Біз бұл мерейтойды ұйымдастыруға аудан әкімдігімен қатар қаламгердің қанаттас інілері Қуанышбай Ердіқалықов, Талап Шалманов, Асылхан Нұрқожаев, Зағаладдин Өтенов және Айбек Әлімжановтардың елеулі үлес қосқанын білдік. Бұл алдымен қаламгерге құрмет болса, мерейтой аясында әрбір өткізілген шара елдің рухын көтерудің айқын айғағы деп түйдік.

**Қ.НАРКЕН.**




ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 74 ЖЫЛ

# Отты жылдар жаңғырығы

**1941-1945 жылдары майдан даласына 1 млн 200 мың қазақстандық аттанды. Солардың тең жартысынан көбі соғыс даласында мерт болды, хабар-ошарсыз кетті. Бұл уақытта елдегілерде «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұстаным болатын. Егін екті, шұлық тоқыды, қолда барын сарбаздарға салып тұрды. Тылда еңбек еткендердің бірі Жәмила Қайранбаева болатын.**

Дәулет ҚЫРДАН.



– Соғыс басталғанда мен Жалағаш ауданындағы орыс мектебінде жетінші сыныпта оқитынмын. Бір-ақ сәтте келді де «Школа закрывается» деді. Ер балаларды әскерге әкетті, біз елде қалдық. Қолынан іс келсе болды, жұмысқа жөнелтетін. Мен ауылдық советте есепші болдым. Кейіннен мал шаруашылығы саласына ауыстық, – деді сол сәттердің қиындығын еске түсіріп, көзіне жас алған әже.

Соғыстың бел ортасына келгенде Жәмила Қайранбайқызы әскери комиссариатқа жұмысқа орналасты. Жас маманның мойнына ауыр жауапкершілік жүктелген. «Қара қағаз» тасиды. Әдепкіде түк түсінбеген ол қолына басшылық ұстатқан қағазды алып барып, межелі жерге жеткізгенде жылаған дауыстан аза бойы қаза болатын. Мұның «қара қағаз» екенін кейін ұғынған екен.

– Мені көргеннен жұрттың бәрі саусағын шошайтып, «қара бәле» келе жатыр дейтін күйге жетті. Өзім әрең шыдап жүрдім. Кімнің қаралы хабар айтқысы келер дейсің?! Бір үйді баласынан, бір үйді отағасынан айырған майданның осы бір жағымсыз хабарын айтудан бас тарттым. Бір ай дегенде басқа тапсырманы әрең алып, ауысқанмын, – деді ол.

Кейін Житомирден эвакуацияланған бір топпен бірге Жәмила Қайранбайқызы еріктілер тобын құрады. Көңілі құлазып, қажыған халықты бір сәт сергіту үшін түрлі концерттер ұйымдастырды. Украина, Қиыр Шығыс Кавказдан эвакуацияланғандарға ағеден елдің бірі ретінде төрт бөлмелі баспананың бір бөлмесін босатып берді. Бұл да қиындықта адамдығы мен адалдығын сынаған сәттер еді...

Осылай жылдар жылжи берді. Күн сайын радиоға құлақ түріп, Кеңес әскерінің қай қаланы азат еткенін, қай жерде шайқасқанын естіп, елдің амандығын тілеген халықтың қуанышты жаңалыққа да куә болатын кезі бар екен. «Жыртық үйдің құдайы бар» демеп пе еді бұл қазақ?! Түн баласында терезе ұрып, есік қағып, сүйіншілеген дауыстан оянған кез әлі есімде.

– Біз жеңдік. Біз жеңдік, – деп келесі үйге қарай жүгіріп кеткен туысқан ағасынан Жеңіс жайлы хабарды алғаш естіген. Оған да биыл –74 жыл.

– Арада көп уақыт өткен жоқ. Елдің бәрі ағылып барады. Қолдарында тегеш, қап, қолына ілінгенін ұстаған. Әкем барып көруімді сұрады. Сөйтсек, кәдімгідей тұтас эшелон ұн келіпті. Жеңістің құрметіне беріп жатыр екен. Ыдысыңды апарып, салып аласың. Бір алғандар қайта барып жатыр. Өлшеп жатқан, ақы сұрап жатқан ешкім жоқ. Сонау Мәскеуден Жалағашқа дейін жеткен сонша азықты айтсаңшы. Кейіннен күріш те әкелді. Осылай «кедейдің бір тойғаны – шала байығаны» дегендей, ауылдағы ағайын тойып қалған еді, – дейді Жәмила ана.

Сұрақ қойсаң, «талай қиындықты көрдік қой, қайсыбірін айта берейік» деп алысқа көз тастап, қалың ойға шоматын Жәмила ана сұрапыл жылдары шаңырақ көтерді. Құдай қосқан қосағы Серғали екеуі алты баланы өмірге әкеліп, жеткізді. Бұл күнде ақ шашты әзіз ана шөберенің қолынан су ішіп отыр.

– Енді соғыс болмасын! Бар тілерім сол. Замандарың тыныш болсын, құлыным. Білім алыңдар, білім алыңдар. Сендерді биікке шығаратын сол, – деді қоштасарда.

Әріптесім Ержан екеуміз шығып барамыз. Жәмила ана қолын бұлғаған күйі жылы жымиып қала берді. Иә, оның жанарында отты жылдардың ұшқыны жарқылдайды...

Суретті түсірген
**Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.**

«СЫР БОЙЫ» – 90

# Ақберен

**Өмір керуен деп жатады. Ол жылжыған сайын әр пенденің оның қарапайым заңдылығына бағынуға тиіс екенін ұғынғандай боласың. Мұндайды әдетте біреудің алдындағы «парыз», «қарыз», «жауапкершілік», қажет десеңіз «міндет» деген ұғымдармен байланыстыруға болады. Кешегі «Ленин жолы», бүгінгі «Сыр бойы» газетінің тарихында ойып тұрып алатын орны бар, табандылығы талантымен, әділдігі еңбекқорлығымен ұштасқан тұлға – Мырқы Исаев туралы жазуды өзімнің парызым деп есептесем де сәті бір түспей-ақ қойғанына өкініп жүретінмін.**

Өткен жылы ол кісі 90-ға толды. Ұлы Мейрамбек бастаған ағайындары, замандастары дүркіретіп атап өтті. Жазудың реті еді, сәті келмеді. Мәкеңмен ұзақ жыл қызметтес болған көзі тірі аға буынның алдына түскенді ерсі санадым. Бірақ қоғамдық ұйымдар ұйымдастырған шараларға қатысып, естеліктер айттым. Ішкі сыр сандығын ашып, ойымды бүкпесіз еркін жеткіздім. Себебі, Мәкең жаратылысынан ақжарқын әрі ашық, кемшілікке тым төзімсіз еді-ау, жарықтық....



...1983 жылы КазГУ-ді бітіріп, «Ленин жолына» корректор болып орналастым. Сол уақыттың өлшемімен алғанда бұл сәттілік еді. 1985 жылы газетке Нұрділдә Уәлиев бас редактор болып тағайындалды. Обкомнан келген тәжірибелі басшы, қызметкерлердің іс-қағаздарымен танысқан болуы керек, маған келгенде: «Шиелі, Жаңақорған аудандарына меншікті тілшілікке, жақында зейнеткерлікке шығатын кісінің орнына ауыл шаруашылығы бөліміне барасың ба? Бірақ ол орындар дәл кәзір бос емес. Босы – Мырқы Исаевтың бөлімі. Күрделілеу кісі. Талабы қатты. Бірігіп қызмет істей аласың ба?», – деді.

Ойланып қалдым. Мырқы Исаев. Корректор кезімнен білемін, Мәкең облыстық деңгейдегі бірінші басшылармен айқасудан қашпайтын азулы журналист. Прокурор, сот дегендеріңіз, аттарынан ат үркетін ірі-ірі трест басшылары «Мырқы» десе аяқтарын жияды. Бірақ осы жолы ұсыныстан бас тартпауым керек деп шештім. Ол кездегі тәртіп бойынша партия ұсыныстан бас тартқанды, өзіңе жайлы орынды қалағаныңды әсте ұната бермейді. Сондықтан редакторға «тәуекел» деп жауап бердім.

Обалы не керек, Мәкең жақсы қабылдады. Күнделікті бөлім жұмысын қалай атқарып жатқанымды жіті қадағалайды. Әдейі сынағысы келіп сұраған әріптестеріне мені мақтай жөнеледі. Ол уақытта бөлім басшылары мақала жаза бермейді. Тапсырма береді. Тілшілер орындайды. Алайда, Мәкең редакциядағы бес бөлім басшыларының ішінде жалғыз өзі тілшіден бетер мақаланы түйдек-түйдегімен бұрқыратып тастайды. Байқаймын, күнімен мекемелер аралап, фактілерді жинап алады да түнімен үйінде өзі машинкаға бастырып, дайын күйінде әкелетін сияқты. Әйтеуір тыным таппайды. Мұндайда сын мақала болса, ол енді бас редактордың «бас ауруы» дей беріңіз. Редактор даудамайдан сақтанып шығарғысы келмейді. Мәкең мұндайда шегінбей қасарысып тұрып алады. Айрықша еңбекқор. Сол кезде 60-ты алқымдап қалған жасына қарап қайран қаламын. Түскі үзіліске 10-20 минут қалғанда «Шымбайдағы» үйіне бару үшін редакциядан шығып қазіргі автомобиль басқармасының ғимаратына қарсы орналасқан аялдамаға барады. Жүрісі шалт. Сағат тілі екіден сәл өткенде кабинетте отырады. Бірден телефонға жабысып, автобус паркінің бастығына телефон соғады.

– Кесте бойынша сағат 12.50 де жүретін №3 маршруттағы автобус келмей қалды. Қайда жүр?

Сол күні автобус паркінде ұлы дүрбелең. Ақыры автобус паркінің жауапты қызметкерлері Мәкеңе келіп кешірім сұрайды. Автобустың жоғалып кету себебін айтып, қолданылған шара жөнінде баяндайды. Қарап отырып мен қысыламын. Кейде «қайда келгенмін» деп ойланып та қоямын. Мұның арты не болар екен? Барлығын жиып қойып Мәкең сәл жұмсарғандай болады. «Үйде 10 минут көз шырымын алсам тыңайып қаламын. Бұны құс ұйқы дейді. Көріп отырсың, жұмыс көп қой» дейді. Ашуы тез тарқап, жайдары қалпына түседі ғой, жарықтық. Кәдімгі қазақ айтқандай, «жақсы адамның ашуы шай орамал кепкенше» дегендей.

Бөлімде күнде «қызық», сол қызықты көргісі келген басқа бөлімнің жігіттері Мәкеңе келеді. Ол аққөңіл, ішкі сыр деген болмайды. Кіммен «жаға ұстасқанын», кіммен «айқасуға» шыққанын жайып салады. Аламан тасыр бір дүние.

Сол дәуірде обкомның бөлім меңгерушісімен кез келген журналист тікелей сөйлесе алмайды. Оның құзіреті бас редакторда болғандықтан ол тікелей байланыс-«вертушкамен» сөйлеседі. Ал Мәкеңе обкомдағылар «құрметпен» қарайды. Обкомның өнеркәсіп, транспорт құрылыс бөлімінің меңгерушісі В.Ковалев Мәкең телефон соқса, хатшы арқылы бірден көтереді.

– Әй, Володя, ана бір құрылыс тресінде біршама былықтар бар-ау сірә, пәленшеев дегенің сөйлесуден қашқақтайды ғой, – дейді. Ковалев сабырлылықпен тыңдайды. Мәкеңнің екпінін басады, бірақ сөзін жерге тастамайды. Өтініштің орындалғанына Мәкең де мәз.

Ендігі кезекте обкомның құрылыс жөніндегі хатшысы В.Рябов журналистің құрығына «түскендей» болады. Құрылыс сапасы ол кезде редакцияның, обкомның қатаң бақылауында болғандықтан әрбір мақала назардан қағыс қалмайды.

Мәскеудегі М.Горбачевтың қайта құруы Қызылордаға бірінші хатшы болып келген Еркін Нұржанұлы Әуелбековтің тегеуірінді саясатымен сабақтасқанының тірі куәгері болғанымды жасырғым келмейді. Ерекең Мәкеңнің қолдауына көп сүйенді. Әрине, бұл тұрғыда барлығы жіптіктей болды деу қиын. Саясат жүрген жерде бірін-бірі ұнатпаушылық, біреудің бақай есебі, интрига дегендеріңіз қатар жүретіні белгілі емес пе? Мәкең арқылы өз есептерін жүргізгісі келгендердің де осы орайда кездесіп қалғанын айтпай кетуге болмайды. Ол кісінің кейде асығыстықпен жасаған қадамдары да болды. Маған берген тапсырмасы бойынша жазылған бірқатар мақалалардан біраз дау-дамай туындады. Мақала авторының үстінен горкомға арыздар да түсті. Әрине, бұл жерде тәжірибесіздіктен кеткен қателігімді де мойындауға тура келеді. Мысалы, теміржол саласында тұтастай әулетімен еңбек ететін Байсағұловтар туралы жазылған мақтау мақала бойынша горкомға 40 адам қол қойған қарсылық білдірген арыз түсті дегенге сенесіз бе? Нақ осылай болды. Бұл маған тапсырма берген жаныштауға көнбейтін Мырқы Исаевты ауыздықтау үшін жасалғанын кейін түсіндім. Жиналыстың талқысына түстік, екеуміз де бір-бір сөгістен алдық. Кейін мұндай жағдайлар тағы қайталанды. Бұл бір жағынан өзімді сақ болуға үйретті.

Кеңес дүниесінде жоғары инстанцияға жолданған адамның қолы қойылмаған шағымды «домалақ» арыз дейді. Бірақ қаншама домалақ болса да онда айтылғандар билік, заң орындары тарапынан мұқият тексеріледі. Ешкімге ұқсамайтын ерекшелігі сол, Мәкең ешқашан біреудің сыртынан жасырын іс-қимыл жасамайды, айтатынын тура бетіне басады, керек десеңіз «енді сенімен айқасамын» деп төтесінен қойып қалады.

Осыған орай жалпы, облыс өміріне қатысты бір оқиғаны айтып кетудің реті келген сияқты. 1979 жылы КазГУ-дің бірінші курсын бітіріп, редакцияға практикадан өтуге келсем, жұрт дүрлігіп жатыр екен. Мәскеудегі орталық комитеттің органы «Правда» газетінде «У обкома на виду» деген мақала жарияланыпты. Ұмытпасам, авторы Қазақстандағы меншікті тілші Юрий Криницианов. Мақалада басшылардың өздеріне қолайлы пәтер салып, оған қоныстанып алғаны, әлеуметтік әділеттілік принциптерін бұзғаны жазылған еді. Ол кезде «Правда» газетіне мұндай сипаттағы мақаланың шығуы республика көлеміндегі сенсация. Мақаланың дүмпуі күшті болды. Бірқатар лауазымды қызметкерлер қызметінен босатылды. Бір қызығы, ел арасында бүгінге дейін Мәскеу газетінде жарияланған сол мақаланың жазылуына Исаев түрткі болды деген сөздердің айтылып қалатыны бар. Шынын айтуымыз керек, Мәкең ешқашан ешкімнің сыртынан қол қойылмаған арыз жазған емес. Ал әлгі мақаланы ол кісінің «Ленин жолы» газетіне «Обкомның көз алдында» деген тамаша тақырыппен аударып (ол кезде облысқа қатысты үлкен газеттерде жарияланған мақаланы жергілікті басылымдардың көшіріп басуы міндетті) бергені рас. Бұл тұрғыда Мәкеңнің ары таза екенін айтқымыз келген еді.

80-жылдардың орта шенінде Қызылордаға Мәскеуден, Орталық комитеттің органы – «Журналист» журналынан екі журналист келді. Редакцияның ішкі ахуалына байланысты Мәкеңнің жазған шағымы бойынша әлгі екеуі зерттеу мақаласын жазды. Мақаланың аты «Белое ружье». Тақырып қазақ санасында шындық үшін қайыспайтын сауыт киген адамды бейнелейтін «Ақберен» ұғымына байланысты қойылса керек-ті. Мәскеулік журналистер осылайша Мәкеңнің болмысына өздерінің шынайы бағасын берді.

Мәкеңе жеке бастарының арыздарымен редакцияға келушілер көп болатын. Ол кісі бас тартпайды. Ешкімді алаламайды. Ынта-шынтасымен кіріседі. Тағы ерекшелігі, орысша да жаза береді. Есесіне ол кісінің зерттеп келтірген фактілердің көптігі соншалық, олардан бірнеше мақала жазуға болар еді. Бұл енді ол кісінің ерекше еңбекқорлығының нәтижесі болса керек-ті.

Мәкеңнің зейнетке шыққандағы болмысы менің санамда бойындағы күш-қуаты сарқылмаған, қаламы мұқала қоймаған, жүріс-тұрысы, қимылы шалт тұлға ретінде сақталып қалды. Сол кездегі облыстың бірінші басшысы Сейілбек Шаухаманов осынысын сезген болуы керек, үлкен жұмыс – соғыста қайтыс болғандардың есімін мәңгілік есте қалдыру мақсатында «Боздақтар» кітабының редакциялық алқасын басқару міндетін жүктеді. Мәкең, бұл міндетті де табандылықпен атқарды. Сөйтіп, аруақтар алдындағы парызын да мүлтіксіз орындады.

Қайран Мәкеңмен бірге сол заманның идеологиясына, мазмұн-сипатына ғана тән тұтас бір дәуір де келмеске кетті...

**Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,**
**Қазақстан Республикасы ақпарат саласының үздігі.**

САЛЫММЕН САҚТА САУЛЫҚТЫ

# МӘСҚ – халықты әлеуметтік қорғаудың қосымша нысаны

**Елімізде әлеуметтік тәуекелдердің туындауына байланысты жоғалтқан табысының бір бөлігін өтеу үшін халықты әлеуметтік қорғаудың қосымша нысаны ретінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі енгізіліп, жұмыс берушілер жалдамалы жұмысшыларға және өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалар табыстарынан әлеуметтік аударымдар төлеуде.**

Аударымдар «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ-на шоғырландырылып, Қор активтерінен әлеуметтік қатер туындағанда міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларына әлеуметтік төлемдер тағайындалып, төленуде.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушыларына төленетін әлеуметтік аударымдарды есептеу және аудару ай сайын жүргізіледі.

Жұмыс берушілер жалдамалы жұмысшылары үшін, ал өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалар өздеріне әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің (табысынан) 3,5% мөлшерінде әлеуметтік аударымдарды төлеуді жүргізеді және де әлеуметтік аударымдардың ең төменгі және ең жоғары мөлшері белгіленген. Бұл ретте, ай сайынғы табыс әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының (бұдан әрі – ЖТМ) жеті еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде алынады. 2019 жылға әлеуметтік аударымның ең жоғары мөлшері – 10413 теңгені (42500 тг. *7*3,5%) құрайды. Егер күнтізбелік айда әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі (табысы) ЖТМ кем болса, онда әлеуметтік аударымдар ЖТМ негізге алына отырып есептеледі, аударылады, 2019 жылға әлеуметтік аударымның ең төменгі мөлшері – 1488 теңгені (42500 тг. *3,5%) құрайды.

Заңға сәйкес, жұмыс беруші әлеуметтік аударымдарды уақытылы және толық көлемінде төлеуге міндетті. Ал, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударылатын әлеуметтік аударымдардың толықтығын және уақытылы төленуін қадағалауды мемлекеттік кіріс органдары қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылары аударылған әлеуметтік аударымдардың сомалары туралы (дұрыстығын тексеру үшін) өзі үшін ақпаратты «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорация бөлімшелерінен тегін алуына болады. Әлеуметтік аударымдар әр айға жеке төленуі және азаматтар өзі үшін аударылған әлеуметтік аударымдарды қадағалап, олардың болуын тексеруі қажет.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар төлеген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушылары еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда, асыраушысынан айырылған, жұмысынан, жүктілікке және босануға немесе жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайларда әлеуметтік төлемдер алуға құқылы.

Еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем «еңбек ету қабілетінен айырылған» деп белгіленген барлық кезеңге тағайындалады. Ол әлеуметтік төлем тағайындауға өтініш берушінің жұмысты тоқтатқанына немесе істеп жатқанына қарамастан тағайындалады. Жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін куәландыру медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Егер отбасының асыраушысы жұмыс істеген және ол үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар жүргізілген адам болса, оның отбасы мүшелері асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алуға құқылы. Сондай-ақ, әлеуметтік төлемнің бұл түрін алуға сот «хабар-ошарсыз кетті» деп таныған немесе «қайтыс болды» деп жариялаған асыраушының отбасы мүшелері де құқылы болады.

Егер азамат жұмыссыз қалса, біріншіден ол жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жұмыссыз ретінде тіркелуі қажет. Содан кейін ол жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындауға өтініш білдіре алады. Әлеуметтік төлемдердің бұл түрі өтініш беруші үшін төленген әлеуметтік аударымдардың ұзақтығына байланысты бір айдан төрт айға дейін, ал штат қысқартылған жағдайда, кәсіпорын таратылғанда және өндіріс көлемі төмендеген жағдайда жұмыстан босатылғанда төлем мерзімі егер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілі 36 ай және одан жоғары болса алты айға дейін ұзартылады.

Жұмыс істейтін әйелдерге жүктілікке және босануға байланысты еңбекке уақытша жарамсыздық парағы беріліп, жұмыс орнынан демалысқа шыққаннан кейін немесе жаңа туған баланы асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларда төленетін әлеуметтік төлем тағайындалады. Бұл әлеуметтік төлемнің мөлшері әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген айлық табыс мөлшеріне және еңбекке жарамсыздық парағында көрсетілген күндері санына байланысты болады. Төлем жүктілікке және босануға байланысты берілген демалыстың барлық кезеңіне төленеді.

Сонымен қатар, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем, балаға күтімді жүзеге асыратын азаматқа тағайындалады. Әлеуметтік төлемнің бұл түрі баланың тууы туралы куәлігінде көрсетілген туған күнінен бастап ол бір жасқа толған күнді қоса алғандағы мерзімге төленеді. Екі және одан да көп бала туған жағдайда бұл әлеуметтік төлем әр балаға жеке тағайындалады.

Әлеуметтік төлемдерді тағайындауға өтініш берудің алдында аударымдардың толық аударылғанын тексеру қажет. Өйткені, әлеуметтік тәуекел туған жағдайда тағайындалатын әлеуметтік төлемнің мөлшері азаматтың жұмыс берушісінің әлеуметтік аударымдардың мөлшерін есептеуіне (қаншалықты дұрыс) және оларды ай сайын уақытылы аударуына байланысты болады.

Сонымен қатар, ағымдағы жылы әлеуметтік аударымдарды төлеушілер категориясы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 774-бабына сәйкес, бірыңғай жиынтық төлемді (әрі қарай – БЖТ) төлеуші болып табылатын жеке тұлға болып кеңейді.

Бұл ретте, бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер деп, дара кәсіпкер ретінде тіркелмей кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланбайтын, жеке тұлғаларға ғана қызмет көрсететін азаматтарды айтады және көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыру нәтижесінде алатын кірісінің күнтізбелік жылдағы мөлшері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 1175 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

БЖТ-ң мөлшері:

қала тұрғындары үшін – 1 айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) – 2525 теңге,

ауыл тұрғындары үшін – 0,5АЕК құрайды (тұрғылықты жерінде тіркелуіне сәйкес).

БТЖ үлесі мынандай:

– 10% – жеке табыс салығы;

– 20% – әлеуметтік сақтандыру мемлекеттік қорына әлеуметтік аударымдар;

– 30% – Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақы жарнасы;

– 40% – міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру қорына аударымдар.

Бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер үшін әрбір айдағы табыс ең төменгі жалақы деңгейіне жеткізіледі. Бұл бір айдағы табыс жүйенің барлық қатысушылары үшін түскен әлеуметтік аударымдар негізінде ескерілмейді (505/3,5% әлеуметтік аударымдар ставкасы = 14 428 теңге қалалықтар үшін және 7 228 теңге ауылдықтарға), ал 1 ең төменгі жалақыны құрайтын болады (2019 жылы 42 500 теңге) деген сөз.

Бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілерге Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдер еңбек ету қабілетінен айырылған, асыраушысынан айырылған, жүктілікке және босануға немесе жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда тағайындалуы мүмкін.

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ www.gfss.kz сайтынан міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі туралы толық ақпарат алуға болады.

**Гүлсім ДЕНЕЕВА,**
**«Міндетті әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ облыстық филиалының директоры.**

## САУДА ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНЫҢ БӨЛШЕК САУДА БАҒАЛАРЫ 22.05.2019 ЖЫЛ

кг/теңге

| | Сауда орындарының атауы | Ақ күріш, кг | Сауда орындарының атауы | Бірінші сортты бидай ұны,кг | Сауда орындарының атауы | Қарақұмық жармасы,кг | Сауда орындарының атауы | Бірінші сортты ұннан жасалған қалыпты нан (бөлке) | Сауда орындарының атауы | Сиыр еті,кг | Сауда орындарының атауы | Тауық жұмыртқасы, он данасы | Сауда орындарының атауы | Ақ кауданды қырыққабат,кг | Сауда орындарының атауы | Басты пияз, кг | Сауда орындарының атауы | Сәбіз, кг | Сауда орындарының атауы | Картоп, кг | Сауда орындарының атауы | Ақ кант-құмшекер,кг |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК | 180 | Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК | 100 | Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК | 120 | Қызылорда | 45 | Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК** | 1450 | Мирас | 230 | Сыбаға | 150 | Ажар | 140 | Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК | 135 | Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК | 85 | Magnum | 199 |
| 2 | «Small» СҮ | 224 | Қызылорда | 113 | Small | 128 | Ажар | 48 | Сұлтан | 1550 | Ажар | 250 | Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК | 170 | Сыбаға | 150 | Ажар | 140 | Мирас | 105 | Small | 200 |
| 3 | «Ажар» СҮ | 225 | Ажар | 120 | Magnum | 129 | Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК | 50 | Мирас | 1700 | Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК | 250 | Small | 189 | Magnum | 165 | Сыбаға | 150 | Ажар | 110 | Қызылорда | 228 |
| 4 | «Қызылорда» СҮ | 225 | Мирас | 124 | Қызылорда | 140 | Мирас | 55 | Айтбек | 1700 | Қызылорда | 270 | Қызылорда | 198 | Мирас | 175 | Small | 155 | Small | 115 | Ажар | 230 |
| 5 | «Magnum» СҮ | 239 | Сыбаға | 124 | Мирас | 140 | Small | 63 | «Қызылорда» СҮ | 1790 | Magnum | 270 | Мирас | 200 | Small | 205 | Мирас | 155 | Сыбаға | 130 | Мирас | 240 |
| 6 | Сыбаға базары | 250 | Small | 126 | Ажар | 150 | Magnum | 65 | Small | 1790 | Small | 270 | Ажар | 220 | Қызылорда | 206 | Қызылорда | 161 | Қызылорда | 135 | Әлеум. дүкен Байқоңыр ӘКК | 245 |
| | | | | | | | | | Magnum | 1859 | | | Magnum | 269 | | | Magnum | 215 | Magnum | 159 | Сыбаға | 250 |

Ескертпе: Әлеуметтік дүкен ӘКК** - сиыр еті Ескі базар жанындағы және Универсам м/а орналасқан әлеуметтік дүкендерде сатылады.

## Хабарлама

«ПетроҚазақстан Венчерс Инк.» компаниясының филиалы 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес «Оңтүстік-Шығыс Досжан кенішін жайластыру. АСҚҚ орнату» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-92-11.**

***

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Венчерс Инк.» компаниясының филиалы (19-39-01) «Оңтүстік-Шығыс Досжан кенішінде №№16, 30, 33, 38, 39, 50, 51, 52, 54, 55, 57, 58, 59, 101, 102, 103 ұңғымалардан мұнай және газ жинау жүйесі және Спутник-1 және 2 салу. Оңтүстік-Шығыс Досжан С-1 спутнигінен Арысқұм кенішінің С-6 спутнигіне дейін 6” мұнай газ коллекторын тарту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.**

***

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Венчерс Инк.» компаниясының филиалы (19-39-02) «Оңтүстік-Шығыс Досжан кенішінде №№57, 58, 59, 101, 102, 103 ұңғымаларын және СП-1 және СП-2 электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.**

***

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Венчерс Инк.» компаниясының филиалы (19-39-03) «Оңтүстік-Шығыс Досжан кенішінде №№57, 58, 59, 101, 102, 103 ұңғымаларына және С-1 және С-2 спутниктеріне кірме автожолдар тарту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.**

## Кезектен тыс жалпы жиналыс өтетінін хабарлайды

2019 жылдың «29» маусымында сағат 11.00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Ширкейлі ауылы, Ж.Құттыбаев көшесі, №4, Ширкейлі ауылдық Мәдениет үйінде «Мади Қажы атындағы» ЖШС құрылтайшыларының (қатысушыларының) кезектен тыс жалпы жиналысы өтетіндігін хабарлаймыз.

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Кезектен тыс жалпы жиналыстың төрағасы мен хатшысын сайлау;
2. «Мади Қажы атындағы» ЖШС-нің құрылтайшылары құрамына (серіктестіктің бірқатар құрылтайшыларын қатысушылар қатарынан шығару), серіктестік құрылтай құжаттарына және жарғылық қорға (қайта есептеу) өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
3. «Мади Қажы атындағы» ЖШС-нің жаңа редакциядағы жарғысын (және құрылтай шартын) бекіту (өзгерістер мен толықтырулар енгізу, серіктестіктің жарғысына құрылтайшылардың атынан қол қою өкілеттілігін (құқығын) беру);
4. Есеп-санақ комиссиясын және тексеру комиссияларын құру;
5. Серіктестік айналысатын қызмет түрлерін айқындау (өзгертулер мен толықтырулар енгізу).

Жиналыстың түрі: Кезектен тыс жалпы жиналыс;

Жиналысты өткізу тәртібі: Кезектен тыс жалпы жиналыс «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 220-I Заңының 45, 47,48-баптарының талаптарына сәйкес өткізіледі.

Жиналыстың өткізілу және шешімдер қабылдау тәртібі, сырттай дауыс беру және сырттай дауыс беру рәсімін жүргізудің тәртібі және оларға сәйкес жиналыс өткізіліп отырған Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің нормалары хабарламаға қосымша тіркелді.

«Мади Қажы атындағы» ЖШС құрылтайшыларының кезектен тыс жалпы жиналысы туралы қосымша мәліметтерді төменде көрсетілген тұлғалар арқылы білуге болады:

«Мади Қажы атындағы» ЖШС-нің директоры С.Султанов, ұялы телефоны: 8 705 298 4466, 8 707 656 93 93;

«Мади Қажы атындағы» ЖШС құрылтайшыларының сенімхат бойынша өкілі және «Мади Қажы атындағы» ЖШС-гі «Заң және кадр бөлімінің басшысы» - С.Тоқманбетов, ұялы телефоны: 8 705 733 9050.

**Ескертпе:** Жалпы жиналысқа тіркеу үшін қатысушылар өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжатымен келуі тиіс.

**«Мади Қажы атындағы» ЖШС.**

(БСН 040440019227 Сырдария ауданының әділет басқармасында 2004 жылдың 12 сәуірінде тіркелген)

## Тестілеу кезеңінің басталатынын хабарлайды

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы келесіні хабарлайды: 2019 жылдың 3 маусымынан бастап Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі және Жаңақорған аудандарында «Бастау-Бизнес» бағдарламасы бойынша ақысыз курстарына таңдау басталатынын хабарлайды. Курс кәсіпкерлікті жүргізу негіздеріне арналған.

Өз кәсібін ашқысы келетін жұмыссыздарды (жұмыспен қамту орталықтарында тіркеуден өту талап етілмейді) және өзін-өзі жұмыспен қамтып отырғандарды, сонымен қатар бизнесін кеңейтуге мүдделі кәсіпкерлерді оқуға шақырамыз.

Кәсіпкерлік негіздеріне оқытудың қатысушылары ретінде халықты жұмыспен қамту орталықтарында тіркелуі немесе тіркелмеуіне қарамастан, барлық жұмыссыздар және кәсіпкерлік әлеуеті бар және жоғарыда аталған ауылдық елді мекендерде және аудан орталықтарында тұратын өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, жеке тұлғалар – әрекет етуші және бастауыш кәсіпкерлер (тіркелу уақытынан үш жыл мерзім ішінде) қатыса алады.

Бағдарламаға қатысу үшін тестілеуден өту қажет және оның нәтижелері бойынша оқу топтарына іріктеу жүргізіледі. Ниет білдірушілерді Өңірлік кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалдарына/ халықты жұмыспен қамту орталықтарына/ ауылдық округ немесе елді мекен әкіміне барып өтінім мен сауалнаманы толтыруларыңызды сұраймыз.

Өзімен бірге келесі құжаттары болуы тиіс: жеке бас куәлігінің көшірмесі, мекен-жай анықтамасы, жеке несие есебі.

Оқыту мерзімі 1 ай. Бағдарлама қатысушыларына шәкіртақы төленетін болады және оқыту қорытындылары бойынша сертификат табысталады.

**Толық ақпарат алу үшін келесі мекен-жайға хабарласуға болады:** Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы: Қызылорда қ., Желтоқсан көшесі, 12, телефон: 8/7242/400981, сайт: www.palata.kz.

**Кәсіпкерлерді қолдау орталықтарының мекен-жайлары:**

Арал ауданы – Арал қ., Бақтыбай батыр к-сі, 46 үй, тел.: 8/72433/79199;

Қазалы ауданы – Әйтеке би кенті – Әйтеке би к-сі, 9 «а» үй, тел.: 8/72438/79243;

Қармақшы ауданы – Жосалы кенті, Көшербаев к-сі, 36 үй, тел.: 8/72437/79120;

Жалағаш ауданы – Жалағаш кенті, Қазыбек би к-сі, 47 «а» үй, тел.: 8/72431/79199;

Сырдария ауданы – Тереңөзек кенті, Қонаев к-сі, 12 «а» үй, тел.: 8/72436/79179;

Шиелі ауданы – Шиелі кенті, Рысқұлов к-сі, 5 үй, тел.: 8/72432/79255;

Жаңақорған ауданы – Жаңақорған кенті, А.Иманов к-сі, 134 «а» үй, тел.: 8/72435/79120.

**Анықтама телефондары: 40-02-02, 40-09-81.**

## Хабарландыру

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы облыс тұрғындары үшін **АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ ҰСЫНАДЫ.** Кәсіпкерлерді ақпараттық қамту қызметі әрекет етуші және кәсіпті жаңадан бастаған кәсіпкерлерге, сонымен қатар кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға облыстың барлық аудандарында орналасқан Кәсіпкерлерді қолдау орталықтарында көрсетіледі.

**Келесідей қызмет түрлері ұсынылады:**

1) Орта және шағын кәсіпкерлікті, кәсібін жаңадан бастағысы келетін тұрғындарды мемлекеттік қолдау жайлы ақпараттандыру;

2) Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдаудың «Бір терезе» ұстанымы негізінде мемлекеттік қаржылай емес көмек түрі;

3) Орта және шағын кәсіпкерлік, жаңадан басталатын кәсіпкерлік субъектісіне мемлекеттік қаржылай емес көмекті функциональды түрде жүзеге асыру;

4) Қаржылай емес көмекті алу үшін шағын және орта кәсіпкерлерден және кәсіпкерлікті жаңадан бастағысы келетін тұрғындардың арызын жинау;

5) Кәсіпкерлікпен айналысу үшін, оны ашу және жүргізуге кеңес беру қызметі;

6) Қаржылық институттарымен жұмыс жасау талаптары түсіндіріледі.

**ҚЫЗМЕТТЕР АҚЫСЫЗ ТҮРДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ.**

**Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының мекен-жайлары:**

Арал ауданы – Арал қ., Бақтыбай батыр к-сі, №46 үй, тел.: 8/72433/79199;

Қазалы ауданы – Әйтеке би кенті – Әйтеке би к-сі, №9 үй, тел.: 8/72438/79243;

Қазалы ауданы – Қазалы қаласы – Жалаңтөс баһадүр к-сі, №23 үй тел.: 8/72433/79199;

Қармақшы ауданы – Жосалы кенті, Көшербаев к-сі, №36 үй, тел.: 8/72437/79120;

Жалағаш ауданы – Жалағаш кенті, Қазыбек би к-сі, №47 үй, тел.: 8/72431/79199;

Сырдария ауданы – Тереңөзек кенті, Қонаев к-сі, № 12 А үй, тел.: 8/72436/79179;

Шиелі ауданы – Шиелі кенті, Рысқұлов к-сі, №5 үй, тел.: 8/72432/79255;

Жаңақорған ауданы – Жаңақорған кенті, А.Иманов к-сі, №134 «а» үй, тел.: 8/72435/79120;

Қармақшы ауданы – Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы №16, тел.: 8/33622/23527.

**Анықтама үшін телефон: 40-08-74, 40-02-02.**
**Call-Center - 1432.**

## Хабарлама

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ТузкольМунайГаз Оперейтинг» ЖШС (19-47) «Батыс Тұзкөл кеніштегі БӨБ (118КМ), ҚТҚ полигонын сыртқы электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Д.Қонаев көшесі, 4 құрылыс мекенжайында және meruert.srazhadinova@tgmoperating.kz электронды поштасы арқылы қабылданады. **Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-95-40.**

## Хабарландыру!

**Бал ара шаруашылығымен айналысатын жеке және заңды тұлғаларға**

Ерекше қауіпті шегіртке зиянкестеріне қарсы маусым айының 1 мен 30 аралығында химиялық өңдеу жұмыстары жүргізіледі. Химиялық өңдеу жұмыстарына қауіптілігі әртүрлі кластағы пестицидтер (улы химикаттар) бал ара шаруашылығына зияндылығын тигізуі мүмкін. Химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілетін аймақтың әкімшіліктеріне өңдеу уақыты қосымша хабарланатын болады.

**ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің агроөнеркәсіптік кешеніндегі инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы.**

## Хабарландыру

«Сауда-көлік компаниясы» ЖШС-нің «СКК-Шиелі» филиалы жол-құрылыс техникаларын, қоймаларды және темір жол тұйықтарын жалға береді. Мекен-жайы: Шиелі кенті, Көкшоқы м/а.

**Байланыс тел.: 8 701 858 27 72.**

| Аты | Тариф, теңге/сағ |
|---|---|
| Жол белгілегіш машина | 15 000 |
| Жол катогы | 5000 |
| Тротуар катогы | 5000 |
| Автогрейдер | 5000 |
| Жүк тиегіш (погрузчик) V=3м$^3$ | 5000 |

| п/п | Аты | Тарифі теңге/1м$^2$ |
|---|---|---|
| 1. | Қойма | 125 |
| 2 | Қойма | 125 |
| 3 | Қойма | 125 |
| 4 | Автотаразы | 3000 теңге 1 өлшеуі |
| 5 | Темір жол тұйықтары, вагон тасымалымен | 1) 450 теңге/тн.<br>2) әртүрлі жүкпен 1 вагонға 30 000 теңге. |

## Кірпіш сатылады

Қызылорда қаласында украиналық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады.

**Байланыс тел.: 8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.**

**(4-2).**

**«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70–00–52 телефоны арқылы байланысуға болады. E–mail: smjarnama@mail.ru**

БАЙҚАУ

**Ғасырлар бойы ауыздан-ауызға тарап, тот баспай жеткен жыршылық өнерді жалғастырушылар көп. Мұны біз «Текті сөздің төресі – терме» республикалық жыршылар байқауының облыстық кезеңінде байқадық. Облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Мәртебелі Қазақстан» қоғамдық қоры ұйымдастырған шарада жастар жан тебірентер терменің мақамын бұзбай орындап, көпті сүйсінтті. Шығармашылық сайыс «Жастар жылына» және Сүгір жырау Бегендікұлының 125 жылдығына арналды.**

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

# Дәстүрлі өнер дарабозы




Байқауға киелі өнерді дәріптеп жүрген 9 талантты жас жыршы қатысты. Олардың шерткен күйі мен шырқай салған әнін таңдай қаға тыңдауға болады. Бұл ретте ҚР мәдениет қайраткері Руслан Ахметов бастаған қазылар алқасына жеңімпазды анықтау қиынға соқты. Сайыс қорытындысында жүйріктер, топ жарған жүлдегерлер сахна төріне шақырылды. Көптің шешімімен Шиелі ауданындағы Нартай өнер мектебінің қызметкері Мұхамедәлі Бекпейіс бас жүлдеге лайық деп танылып, республикалық байқаудың жолдамасын қанжығасына байлады. Сонымен қатар жеңімпазға басқарма дипломы мен қаржылай сыйлық табысталды. Айта кету керек, дәстүрлі өнерді дамыту жолында бағытын айқындаған Мұхамедәлінің бұған дейін де жеткен жетістігі орасан. Ол – түрлі облыстық, республикалық байқаулардың жүлдегері.

ҚОЛДАУ

# Қайырлы қол – адамдықтың айнасы

**Қайырымдылықтың ең абзалы – мұқтаж жандардың қажеттілігін өтеу. Бұл бағытта «Ақмешіт-Сырдария» мешітінде он екі айдың сұлтаны – Рамазан айына орай қайырымдылық шарасы өтті. Ораза басталғалы үшінші жұма өтіп жатқан игі шарада зағип жандар мен тұрмысы төмен отбасылар және көпбалалы аналарға азық-түлік өнімдері таратылды. Шара аясында бас имам Болатбек Әбуов қайырымдылық ең алдымен мұқтаж деп танылған жандарға жасалып жатқанын, әрбір отбасыға кезегімен берілетінін сөз етті.**

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

– Бұл айда барша мұсылман жақсылық пен қайырымдылық жасауға асығады. Өйткені, қайырымдылық жасау – әрбір адамның жасайтын ізгі амалы, оған жазылатын сауап та молынан болмақ. Осыған сәйкес бүгінгі жұмада үшінші мәрте қайырымдылық шарасы өткізілуде. Оразаның алғашқы аптасында 50 адамды қамтысақ, өткен жұмада 200 тұрғынға, осы жолы 100-ге жуық тұрмысы төмен отбасына қол ұшын берудеміз. Мұның барлығы мешіт пен Зекет қоры арқылы ұйымдастырылып отыр. Осындай ізгі айда барша азаматтарды қайырымдылық жасауға шақырамыз, – деді мешіттің бас имамы.

Айта кету керек, шараның өтуіне ұйытқы болған мекемелердің бірі – облыстық жастар денсаулық орталығы. Орталықтың әлеуметтік мамандары мұқтаж жандарды анықтап, қол ұшын созу жөнінде ұсыныс білдірген.

– Мен облыстық жастар денсаулық сақтау орталығының әлеуметтік маманымын. Тұрмысы төмен отбасыларымен жұмыс жасаймын. Қасиетті айда оларға көмек көрсетуді жөн санап мешітке ұсыныс айтқан болатынбыз. Осы бастаманы мешіттің бас имамы Болатбек қажы қолдады. Демеушілік көрсеткені үшін ризашылығымды айтамын, – деді Перизат Жылыбаева.

Мұнан бөлек, көмек алған отбасылар да алғыстарын білдірді.

# Қарттар да қағажу қалмайды

**Рамазанның ерекшелігі сол – күллі мұсылман әлемі бұл кезде отыз күн ораза ұстап, иманын байытып, өз-өзін қанағатқа, сабырға тәрбиелейді. Бұл ай – қайырымдылықтың, сабырлылықтың, кешірімділіктің үлгісі, бір сөзбен айтқанда, рухани тазару айы. Осы айда ауыз бекіткен жандарға ауызашар беру – сауапты істің бірі.**

Ғазиза ӘБІЛДА.

Осындай бастама аясында Жалағаш аудандық мәдениет және өнерді дамыту орталығының ұжымы 22 мамыр күні Қызылорда қаласындағы Қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйінде «Шын жүректен» атты концерттік бағдарлама ұйымдастырып, шара соңында қарияларға ауызашар дастарханын жайды.

Шарада мәдениет және өнерді дамыту орталығының директоры Ғ.Сүлейменов Рамазан айының қадір-қасиеті жайлы айтып, қариялардың көңіліне қуаныш ұялату мақсатындағы ізгі ниетін білдірді.

Ұсынылған концерттік бағдарламада көркемөнерпаздар ұжымының А.Жұматай бастаған мың бұралған бишілері «Бастаңғы» биін билесе, Р.Байдулла сынды жезтаңдай әншілеріміз туған жер, Отан, әке, ана туралы әндер айтып, көрермен қауымды бір серпілтіп тастады. Ұлттық өнеріміздің жыр жауһары, дәстүрлі өнерді жалғап жүрген Б.Баймұратов пен шәкірттері жыр-термелер орындап, тыңдармандардың ыстық ықыласына бөленді.

Өнерді дамыту орталығының өрелі істері алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

**Шиелі ауданындағы ақ күріштің атасы, даңғайыр диқан, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаев атындағы күріш өсіру тарихи музейі 1982 жылдан бері жұмыс жасап келеді.**

# Диқан музейіне келуші көп



2016 жылы Ыбырай атамыздың 125 жылдығы қарсаңында жергілікті музей диқанның туған ауылына көшіріліп, ауыл келбеті ажарланып, халықтың қуанышы еселенді. Ауданға ат басын бұрған қонақтар атамыздың ауылына арнайы келіп, музейді көріп, баба рухына құран бағыштайды.

Музейде бүгінгі күнге дейін құнын жоғалтпаған, ата-бабаларымыз ардақтаған, кие тұтқан қолөнер бұйымдары сақтаулы тұр. Келешек ұрпаққа салт-дәстүрді насихаттау мақсатында музей ауласына киіз үй тігілді. Оның іші тұрмыстық жәдігерлерге толы. Атап айтқанда, келушілер мұнда оюмен өрнектелген тұскиіздер, қоржын, аяққап, жержастық, ішік, қасқыр-түлкілердің тұлыптары, сандық, жүкаяқ, кебеже, күбі, диірмен, келі-келсап, тағы басқа заттардың көрмесін тамашалап, олардың жасалу және пайдаланылу жөнінде біле алады. Музейге жан-жақтан келушілер қатары толастаған емес.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалары аясында музей қызметкерлері еңбек ардагерлерін, өнерпаздарды ардақтау, мәдени мұраларды насихаттау, салт-дәстүрді жаңғыртып, жас ұрпақтың бойына сіңіру мақсатында іс-шаралар, кездесулер, көрмелер, экскурсиялар ұйымдастырып отырады.

**Аягөз ЖАҚАЕВА,
Ыбырай Жақаевтың немересі, музейдің қор сақтаушысы.**

АПЫРАЙ-Ә!

# «Кіндік шеше» деген кім?

**Қазақ халқы салт пен дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, ырымға өте бай. Оның әрқайсысының астарында үлкен мән-мағына, ұлттық құндылық пен адам баласына керек тәрбие жатыр. Бірақ соңғы уақыттары дәстүрге дәйекті көңіл аудармайтын болдық. Ырымдардың қолданылу аясын, салтымыз бен дәстүріміздің жауапкершілігін, берер тәлімін жете түсіне бермейміз.**

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.



Өткенге көз жүгіртсек, ата-ана кіндік шешеге кімді болса соны таңдай салмаған. "Балам ибалы, тәрбиелі, сол кісіге ұқсаса екен" деген ниетпен ауылдың беделді, аузы дуалы, қолы жеңіл, жайсаң мінезді аналарын таңдаған. Сондықтан кіндік шешеге деген құрмет ерекше болды. Өйткені, қазақта дүние есігін ашқан нәрестенің кіндігін кім кессе, бала есейгенде мінез-құлқы жағынан кіндік шешесіне тартады деген ұғым бар. Осыған сәйкес, кіндік шеше де сәбиді өз баласынан кем көрмеген. Баланың екінші анасындай болып, қыз баланың анасына айта алмаған сырларын осы кіндік шеше жеткізіп отырған.

Байқасаңыз бүгіндері осы алтын желі үзіліп қалғандай. Неге десеңіз, қазіргі жастар кіндік шешелерінің кім екенін білмейді. Кіндігінің кім кескенін сұрамайды да. Өйткені, қазір бұрынғыдай үйде босану деген жоқ. "Анау менің кіндік балам" деп айтатын аналар қатары да жоқтың қасы. Қарыштап технологияның дамыған заманында перзентханада көбіне босандырған дәрігер кесіп жатады. Қасына кірген серіктесіне кестіру де сирек кездеседі. Мүмкін заманның талабы солай шығар... Десе де, бұл тұрғыда бізді алаңдататын мәселе жоқ емес.

Шын мәнінде, "кіндік шеше" деген ұғымның мәнін кетіріп, оған деген құрметтің маңызын жоғалтып алғандаймыз. Қазіргі жастардың түсінігінде кіндік шеше әркімнің өзінің жақын адамы. Оны да "сен баламның кіндік шешесі" боласың деп жай ғана таңдай салады. Оған жүктелетін міндет – перзентханадан дүркіретіп шығарып алу, балаға киім-кешек пен қажетті асай-мүсей заттарын алып беру. Болды. Осындай түсініктен әрі аса алмай әр саққа бір аунап, әбігерге түсіп жүрміз.

Ол аздай, кіндік шешенің қадірі қашқан уақытта, үрдісіміз мен салтымызға "кіндік әке" деген термин енді. Әлеуметтік желіні ашсаңыз болды жастардың дені "менің кіндік балам" деп суреттерін сырғытып жүктеп жатады. Араларында тіпті, үйленбеген жігіттерде кіндік әке атанып жатыр. Жақын жора-жолдастарының арасынан таңдап алынған бұл «әке» де аз-маз сыйлық жасағанына мәз. Балаға әкесі мен шешесіндей қарап тәрбиелеу, бағыт-бағдар беру, сырласындай болу секілді артылатын жауапкершілікке мән беріп жатқан ешкім жоқ.

Мұның барлығын жастардың тек қызық үшін қабылдауы көңілге кірбің ұялатады. Батыстан келген осы бір "крестный" деген атауды санадан шығаратын уақыт жетті.

Ұрпағым ұлықты болсын десең, ұлт болашағы – балаңызды осы бастан ұлттық дәстүрмен сусындатқаныңыз абзал. Болмаса өзгенің қаңсығына бой алдырып, арындап қалуыңыз ғажап емес. Бұған сіз не дейсіз, қадірлі оқырман?!

SERGEK

# Фархад бәрінен озды

**18-25 мамыр аралығында Токио қаласында (Жапония) классикалық және экипировкалық жатып сығымдаудан өтіп жатқан Әлем чемпионатында жерлесіміз Фархад Каналбеков алтын медаль иеленіп, еліміздің Әнұранын шырқатты.**



Жастар арасында 59 келіде сынға түскен Фархад классикалық түрінен күміс, экипировкалық түрінен алтын жүлдені жеңіп алды. Ол осымен екінші мәрте Әлем чемпионы атанып отыр.

Фархад Қазақстан чемпионаттарының бірнеше дүркін жеңімпазы, ҚР халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Файзулла Ыдырысов дайындайтын жерлесіміз келесі жылдан бастап ересектер арасында бақ сынасатын болады.

Сондай-ақ, Әлем чемпионатында экипировкалық жатып сығымдаудан 74 келі салмақта Қуанышбай Төлегенов екінші, Қожахмет Жалтаев үшінші орындарды еншіледі.

# Жамбы атудың жампозы

**Қазақ халқында ер жігіттің мергендік, ептілік қабілетін сыннан өткізетін, намысын жанитын ежелгі ойынның бірі – жамбы ату. Бұл ойында Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы қайта жаңғырта бастады.**



Жақында ғана Жамбыл өңірінде жамбы атудан өткен ҚР-ның V чемпионатына қатысқан жерлесіміз Ғалымжан Өміртай І-орынды жеңіп алды. Бұл облыс тарихында осы ұлттық ойын түрінен алғашқы алтын медаль. Ғалымжанның халықаралық жарыстардың жүлдегері, Әлем чемпионы Абзал Тұлыбеков, Ералхан Айкөз, Айтбек Сарыбай сынды үздіктерден асып түскені ұлттық спорт мамандарын тәнті етті. Жарыста осылайша үздік нәтиже көрсеткен жерлесіміз 29 ұпай жинап, Қазақстан чемпионы атанды.

Ғалымжан Жаңақорған ауданы, Әбдіғаппар елді мекенінде 1999 жылы туған. Жамбы ату спортымен айналысқанына 3 жыл. Жастар арасындағы Қазақстан чемпионатының екі дүркін қола жүлдегері. Бүгінде №7 Жаңақорған ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінде ұлттық ат спорты түрлері бөлімшесінің жаттықтырушысы болып қызмет істейді.

Айта кетейік, бұдан өзге қызылордалық шабандоздар көкпар және аударыспақ жарыстарына қатысуда. Ел чемпионаты 26 мамыр күні аяқталады.

**«СБ» ақпарат.**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
"АҚ" - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 29258 Тапсырыс №795 Кезекші редактор **Айнұр БАТТАЛОВА.**